# ТӘУЕЛСІЗДІК – БӘРІНЕН ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған салтанатты жиында сөз сөйледі. «Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды.
Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады» деді Мемлекет басшысы өз сөзінде. Президент Республика күніне орай бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсырды.

2-3

№126
(4870)
Сенбі
25 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




**ТАРИХИ ҚҰЖАТ**

5-БЕТ | САЯСАТ




**МЕРЕЙЛІ БЕЛЕС**

6-7-БЕТТЕР | «АСТАНА АҚШАМЫ» – 35



**НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?**

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ




## ЖЕҢІЛДІКПЕН ҰСЫНАДЫ

Республика күні қарсаңында тұрмыс техникалары мен тұтынушы тауарлары жеңілдікпен сатылады. Халықты қолжетімді өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталған «Republic day» науқаны 24-27 қазан аралығында өтеді.

Үш күнге созылатын акция еліміздің барлық өңірін қамтиды. Науқан шеңберінде киім, аяқ киім, электроника, тұрмыс техникалары, үйге арналған заттар мен күнделікті сұранысқа ие тауарларға 70 пайызға дейінгі жеңілдіктер ұсынылады. Оған 220-дан астам сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, супермаркеттер мен ірі дүкен желілері қатысады. Сондай-ақ онлайн-маркетплейстер де акцияға атсалысады. Тіпті онлайн форматта жұмыс істейтін кейбір платформаларда жеңілдік 90 пайызға дейін жетпек.

## «АТАМЕКЕНДІ» ШЫРҚАДЫ

Республика күніне орай және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында Мемлекеттік рәміздер алаңында ауқымды флешмоб өтіп, 1500-ден астам оқушы «Атамекен» әнін орындады.

Флешмоб өскелең ұрпақтың бойында азаматтық бірегейлікті, тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері мен дәстүрлерін құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған. Орындау барысында қатысушылар Қазақстанның жас буынының бірлігі, достығы мен ашықтығының символы – ашық алақан бейнесін жасап, бес қатарға тұрды. Астананың барлық мектептерінде осындай флешмобтар өтті, оқушылар «Менің Қазақстаным» акциясын қолдап, патриоттық композицияны орындады.



## *Құрметті елорда тұрғындары!*

Республика күні 25 қазан

Сіздерді ең маңызды мемлекеттік мерекелеріміздің бірі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1990 жылдың 25 қазанында Мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылданды. Бұл құжат мемлекетіміздің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы болды. Осы күн ел тарихындағы бетбұрыс сәтке айналып, еркіндікке бастар мақсатты жолдың, мемлекеттілікті нығайтудың және ұлттық жаңғырудың бастауы болды.

Астана – тәуелсіздігіміздің жүрегі, жаңа жетістіктердің символы, таланттар, идеялар мен мақсат-мұраттар тоғысатын орталық. Бүгін біздің ортақ міндетіміз – қол жеткізген жетістіктерімізді сақтап, еселеу, бірлік пен келісім рухын нығайту, прогреске ұмтылуды жалғастыру. Бірлесе отырып, Астананы одан да жайлы, заманауи әрі гүлденген қалаға айналдыратынымызға сенемін.

Баршаңызға береке-бірлік, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық және еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК,**
**Астана қаласының әкімі**

**№126** (4870) 25/10/2025 Сенбі



# ТӘУЕЛСІЗДІК – БӘРІНЕН ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР! ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!**

Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күні құтты болсын! Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз.

Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылдық. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде. Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады.

Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жаңарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Ашығын айтсақ, осы аймақтағы билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс ешқашан болмаған.

Біз бір ел болып саяси реформаны табысты іске асырып жатырмыз, соның нәтижесі ретінде қоғамда түбегейлі жаңғыру үдерісі басталды. Реформаларымызды жүзеге асыруға барша адамзат үшін аса қиын, күрделі кезеңде кірістік. Пандемия, алпауыт елдердің санкциялық текетіресі, қалыптасқан сауда жолдарының бұзылуы, түрлі қақтығыстар мен соғыстар әлем елдерінің дамуына орасан зор шығын келтірді. Бұл жағдайлар Қазақстанға да салқынын тигізді. Дегенмен біз қажетті шараларды дер кезінде қабылдадық. Экономикамыздың әлеуетін сақтай отырып, оны тың серпінмен дамыта түстік. 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, биыл осы көрсеткіш шамамен 137 триллион теңге, яғни 291 миллиард доллар болады деп күтілуде, бұдан да асуы мүмкін. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валюта резервінің көлемі 58 миллиард долларға жетті. Жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 миллиард доллар болды.

Біз ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту үшін әртараптандыруға баса мән беріп отырмыз. Әсіресе, көлік-тасымал саласын стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамытып жатырмыз. Қазақстан Еуразияның басты логистика орталығы, яғни хабы болуы керек. Оған еліміздің әлеуеті жетеді, мүмкіндігіміз де мол. Өткен айда «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы.

Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Қазіргі халықаралық нарықтағы тұрақсыз ахуалды ескерсек, мұны үлкен жетістік деп айтуға болады.

Әуе қатынасы саласындағы табыстарымыз да аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар. Бірақ бұл жүйені одан әрі дамытуымыз керек. Оның үстіне әуе жолдары арқылы жүк тасымалдау жүйесін де (карго) нығайтуымыз қажет.

Елімізде өндіріс те дамып келеді. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Кәсіпкерлер еліміздегі еңбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Бұл – тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде мыңдаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбамыз астыққа толды, 20 миллион тоннадан астам бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артуда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаюда.

Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Сондықтан біз осы жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындаймыз. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен қадам. Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат бес жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды.

Сондай-ақ ұлт саулығын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Соңғы бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықыласы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы азаматтарымыздың, әсіресе, жастардың басым көпшілігінің қолдауына ие болып, табысты жүзеге асырылып жатыр. Былтырдан бері шамамен 2,8 миллион гектар жер тазартылды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгере бастады.

Жалпы, барлық салада атқарылған жұмыс өз жемісін беріп жатыр деп айтуға болады. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмайтынымыз, өзгерістерді міндетті түрде жалғастырамыз.

Биыл еліміздің мерейі өсіп, рухы көтерілген жыл болды. Азаматтарымыз көптеген салада табысқа жетті, жаһандық жарыстарда топ жарды. Оқушыларымыз түрлі халықаралық білім додасынан мыңнан астам медаль иеленді. Үздік спортшыларымыз, соның ішінде боксшылар туымызды биікте желбіретті. Дарынды жастарымыз ұлт өнерін жер жүзіне паш етіп, кеңінен дәріптеп жүр. Жаһан жұрты қазақты рухы биік, көзі ашық, мәдениеті бірегей, зияткер ұлт ретінде тануда. Бұл – жылдар бойы жүргізілген жүйелі және тиімді жұмыстың нәтижесі. Енді осы қарқынды бәсеңдетпей, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл – жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, қастерлі парыз. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың қадірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің ертеңі – өскелең ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды ең алдымен адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз – елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отаншыл, тәртіпті, білімді, мәдениетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз қабілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбекқор адамның ешкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ұғынып өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиянақты, ұқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ.

Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл – ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарамақайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық. Мен бұған кәміл сенемін.

Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл – менің азаматтық борышым.

Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәріңіз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайып заманда салиқалы дипломатия дәстүріне негізделген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгені жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жақында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады.

Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аудардым, бірқатар ұсыныс айттым. Әлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүние жүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізеді.

**ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!**

Біз ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам бастық. Мақсатымыз – баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау.

Таяуда халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлімдедім. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымның өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Биліктің заң шығарушы тармағын өзгерту соңғы жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисынды жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен сұранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін күшейтеді. Конституцияға енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдауға барабар іс деуге болады. Әйтсе де Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді. Бұл қазіргідей алмағайып заманда еліміздің сенімді келешегіне кепіл болады. Өйткені парламенттік жүйе қауіпсіздік пен тәртіп, тұрақтылық пен даму тұрғысынан өз міндетін толық атқара алмай отыр. Кейбір сарапшылар мен саясаткерсымақтардың ұшқары тұжырымдарына көзсіз еріп, мемлекеттілігімізге қатер төндіруге еш хақымыз жоқ.

Саяси бағдарымыз бен қабылдаған нақты шешімдеріміз ұлтымыздың ұзақ мерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, елді дамыту қағидаттарын көздейді. Мұны берік ұстанамыз.

Жолдауда бір палаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бір палаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалдық негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері кету немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяси тұрғыдан салмақтап осындай ұйғарымға келдім.

Аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Соңғы жылдары тікелей сайлау институтын айтарлықтай кеңейттік. Әуелі ауыл әкімдерін сайлауды енгіздік, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызы бар қала басшыларын сайлауға ұласты. Сол себепті Қазақстанда ай сайын түрлі электоралды науқан жүріп жатады. Бұл біздің өңірдегі бірегей саяси тәжірибе саналады. Баршамыз осынау істің мақсатқа сай орындалуын бақылап, егер оның жағымсыз салдары болса, шара қабылдау қажет.

Реформалар – табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын.

Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызы бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс. Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом станциясын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл – қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз.

Азаматтар өз Отанының келешегіне шынайы алаңдап, оның даму жолында аянбай тер төксе, ұлт шын мәнінде егемен елге айналады. Өзге мемлекеттер де оны солай қабылдайды. Тіпті ол бір қарағанда ұсақ іспен айналысқандай көрінгенімен, шын мәнінде өте маңызды жұмыс атқарса, мысалы, көгалдандырумен, өзі тұратын аумақты тазалаумен шұғылданса, қал-қадерінше қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағаласа, вандализм мен дөрекі қылықтарға қарсы тұрса елге пайдасын тигізеді.

Өзіне, отбасына, туған еліне жаны ашитын отандастарымыздың үлкенді-кішілі жетістіктеріне күн сайын куә болып жүрміз. Олар шынайы патриоттығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Баршаңызға мәлім, жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жарады. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі.

Higgsfield AI стартапы – биылғы айтулы жетістіктердің бірі. Оны Қазақстанның алғашқы «сыңармүйіз» стартапы деуге болады. Әдетте жаһандық нарықта бір миллиард долларға немесе одан да қымбатқа бағаланған компанияларды осылай атайды. Бұл бірегей жобаның негізі Astana Hub алаңында қаланған болатын. Мұны математика және физика пәндерінен жасөспірімдер арасындағы халықаралық олимпиада жеңімпаздары, дарынды энтузиастар жасады. Осындай мықты азаматтар – еліміздің келешегі. Жас кәсіпкерлер, ғалымдар, инженерлер, IT-мамандар Қазақстанның жаңа элитасын қалыптастыруда. Ал жаңашылдық – ұлттық сипатымыздың маңызды қырына айналды. Демек, мемлекет қолдау көрсетсе, білімді, еңбекқор балаларымыз бен немерелеріміз әлемдік нарықта сұранысқа ие жоғары технологиялық өнімдер жасай алады. Алайда бірлі-жарым табысқа тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан Үкіметке келешегінен үміт күттіретін отандық стартаптардың нарықта лайықты орнын табуына көмектесетін заманауи, тиімді экожүйе құру міндеті жүктелді.

Қазақстан цифрландыру көрсеткіші бойынша дүниежүзілік индекстерде жоғары орындарды иеленеді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Бірақ, ең бастысы, болдық, толдық деуге болмайды. Әлемдегі ең жоғары талаптарға сай келетін заманауи экономиканы дамыту үшін ғылыми-техникалық прогресті жіті бақылап отыру қажет. Сондықтан біз цифрландыру мен жасанды интеллектіні жан-жақты енгізуді мемлекет дамуының басым бағыты ретінде белгіледік.



Қазақстанның жаһандық озық үрдістерден кейін қалуына болмайды. Әйтпесе, замана көшіне ілесе алмаймыз. Ал оның салдары өскелең ұрпаққа тиюі мүмкін.

Жұмыс басталды. Алғашқы ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. «Қазақтелеком» базасында тағы бір суперкомпьютер жұмыс істеп тұр. AI Sana бағдарламасы және ауқымды Alatau City жобасы қолға алынды. Аталған бағыттағы аса маңызды жұмысты заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр.

Стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды үш жыл ішінде толық цифрлық елге айналдыру. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдар елімізді өркендету үшін қызмет етуге тиіс.

Уақыт оздырмай, білімге негізделген экономика құруға кірісу қажет. Креатив пен инновация өсімнің арқауы, ал зияткерлік капитал елдің бәсекеге қабілеттілігінің өзегі болуға тиіс.

Жасанды интеллект дәуірінде жаңа салалар мен бизнес түрлері міндетті түрде пайда болады. Бұл – ойлы, алғыр жастар үшін нағыз жарқырай көрінетін сәт. Мемлекет пен қоғам жас таланттарды қолдауы керек. Біз мұны міндетті түрде іске асырамыз.

Азаматтарды экономикалық патриотизм рухында тәрбиелеу – аса маңызды міндет. Басқаша айтқанда, кәсіпкерлеріміздің идеялары мен стартаптарына инвестиция құйып, олардың өнімін тұтыну арқылы отандық өндірушілерді қолдаған жөн. Халқымыздың ауызбіршілігі осыдан да көрінеді.

Қазір біздің ұлттық нышандарымыз, яғни брендтеріміз көбейіп келеді. Ұлттық өнім дегеніміз, бұл – ең алдымен, елімізді бүкіл әлемге паш ету деген сөз. Сондықтан «Made in Qazaqstan» таңбасы сапа мен сенім белгісі болуға тиіс. Біздің тауарларымызға шетел азаматтарының қызығушылығы артып жатыр. Бұл отандық бизнестің өсіп-өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Компанияларымыз жаһандық нарыққа шығып, кәсібін өрістетіп жатыр. Олар Қазақстанды қарқынды дамып келе жатқан озық ел ретінде танытуда. Адал кәсіпкерлерді отаншылдығын нақты іспен көрсетіп жүрген азаматтар деп атаған жөн. Себебі олар табанды еңбекпен көптеген жұмыс орнын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға мол үлес қосуда. Осындай орта және шағын бизнес өкілдерін қолдау мемлекет саясатының басымдығы болып қала береді.

Соңғы кезде маған жаңа Салық кодексіне қатысты көптеген өтініш келіп түсті. Мен Премьер-министрге нақты тапсырмамды бердім. Үкімет арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін кәсіптердің тізімін бұрынғы қалпында қалдырды. Алдағы уақытта шағын және орта кәсіпті қолдау үшін басқа да шаралар қолданылады. Бизнес салық реформасынан зардап шекпеуге тиіс. Ондай жағдайдың алдын алу үшін Үкімет кәсіпкерлермен сындарлы диалог жүргізуі қажет. Дегенмен экономикалық реформаларды мүлде тоқтатуға болмайды, қаншалықты қиын болса да, оң өзгерістерді мінетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Әйтпесе, бәріміз жаппай құлдырауға ұшырауымыз әбден мүмкін.

Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым.

Жалпы, мемлекет түйткілдерді біртіндеп шешіп келеді. Ең маңыздысы – нәтиже, өзімізді жарнамалау емес. Кез келген азамат білімі мен еңбекқорлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қазір жиі айтылатын экожүйе қалыптастыруға күш салып жатырмыз.

Қазақстан талантты, мақсатшыл жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз – білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Әрбір азамат өзінің табысы мен еңбекқорлығы арқылы еліміздің гүлденуіне елеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымызды шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтан тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жігерлендіреді. Осылайша, біз бәріміз Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік мақсаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою – өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз – осы.

Қазір еліміз аса күрделі жолдың басында ғана тұр. Біз бір ел болып, бір-бірімізді қолдауымыз керек, көреалмаушылық, қызғаныш сияқты теріс әдеттерден арылған жөн. Қазақстанды күшті және дамыған озық ел ету – тек өз қолымызда. Оған біздің мүмкіндігіміз де, әлеуетіміз де жетеді: экономикамыз орнықты, жеріміз берекелі, жарқын болашаққа деген сеніміміз зор, ал азаматтарымыз, әрине, өте дарынды және қабілетті.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек, азаматтарымыз бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет. Бір елдің ішінде өмір сүріп, бір жерде тұрып, жанжалға, ұрыс-керіске жол беруге болмайды. Біреудің еңбегін жоққа шығару, не болмаса ой-пікірін келеке ету, басқа адамды қаралау – озық, өркениетті қоғамға жат қылық, тіпті, ұят нәрсе, ондай әрекеттер үшін қоғам және заң алдында жауап беруге тура келеді.

Ғаламтор желісінде бір тақырыптан басталған талқылау бітпейтін пікірталасқа ұласып кетеді, тіпті, бұл құбылыс «аса қауіпті қоғамдық дерт» деген осындай түсінік, ұғым пайда болды. Мұндай дерттен құтылуымыз керек.

**ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!**

Мемлекетіміздің Егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы – еліміз үшін аса маңызды тарихи меже. Көптеген елдердің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация, бұл – мемлекеттігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі.

Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл – ең дұрыс стратегия.

«Еңбек – берекенің бастауы» деп бекер айтылмаған. Біз адал, бәсекеге қабілетті азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіп, қолдауымыз керек. Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды. Елімізде қажырлы еңбегінің арқасында нағыз еңбек адамы атанған азаматтар өте көп.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адал еңбегімен Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттап жатырмыз.

Ортамызда Александр Анатольевич Касицин отыр. Ол – «Еңбек даңқы» орденінің толық иегері, еңбек жолын қарапайым зоотехниктен бастап, еліміздегі ең озық агроөнеркәсіп шаруашылықтарының бірінің басшысына дейін көтерілген айтулы маман. «Галицкое» серіктестігі ауылды жаңғыртып, еңбеккерлерге қамқорлық көрсету арқылы керемет табысқа қол жеткізді. Ел алдындағы еңбегі үшін Александр Анатольевич Касицин «Отан» орденімен марапатталады.

Қазақстанның еңбек сіңірген журналисі Сергей Васильевич Харченко – өз ісін жақсы көретін, Отанын шексіз сүйетін жан ретінде көпке үлгі. Белгілі қаламгер, парасатты басшы, дарынды ұстаз мемлекеттің өркендеуіне, отандық журналистиканың дамуына және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Бүгін Сергей Васильевич Харченко I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.

Әйгілі археолог Зейнолла Самашевтің есімі баршаңызға белгілі. Ол өркениетіміздің теңдессіз қазынасы саналатын «Берел қорғанын» ашып, оны жан-жақты зерттеуге зор үлес қосты. Бұл жаңалық тарих ғылымын шын мәнінде жаңа деңгейге көтергені сөзсіз. Ал белгілі ғалым, картография зерттеушісі Мұхит-Ардагер Сыдықназаров төл тарихымызды түгендеуге атсалысып келеді. Ұлттық ғылымды өркендетуге сіңірген еңбегін ескере отырып, қос ғалымға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлықты табыстау туралы шешім қабылданды. Бүгін осы сыйлық алғаш рет беріледі.

II дәрежелі «Барыс» орденімен даңқты спортшы Шавкат Рахмонов марапатталады. Ол еліміздің атын шет мемлекеттерге танытып, мерейін үстем ету жолында тер төгіп жүр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея – берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, теңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту – нағыз отаншылдық белгісі. Мен бүгін еліміздегі бірнеше этномәдени орталықтың өкіліне «Ел бірлігі» орденін табыстаймын.

Мәдениет – ұлттың рухани дербестігінің кепілі. Сондықтан біз өмірін өнер жолына арнаған қайраткерлерге әрдайым құрметпен қараймыз. Руханиятымызға ерекше еңбек сіңіргені үшін белгілі өнер майталмандары – Болат Әбділманов, Тамараасар Жанқұл, Шынар Жанысбекова «Қазақстанның халық әртісі» атағына лайық деп танылды.

Сондай-ақ мәдениет саласын дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нина Жмеренецкая, Бақыт Қажыбаев, Зарина Алтынбаева және Әйгерім Алтынбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге айрықша үлес қосып жатқан Иван Сауэрге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Жоғары мемлекеттік марапаттарды халқымыздың шынайы ықыласы және сыйқұрметі деп қабылдаңыздар.

Бүгін әрбір облыста жүздеген лайықты азаматымыз менің Жарлығыммен жоғары мемлекеттік наградамен марапатталады. Олардың еңбегіне зор ризашылығымды білдіремін.

**ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!**

Еліміз үшін ұлт саулығын сақтайтын дәрігердің, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздың, ауылдағы шаруа мен өндірістегі жұмысшының, яғни әрбір кәсіп иесінің еңбегі айрықша маңызды. Бұл – кез келген өркениетті қоғамға тән мызғымас заңдылық. Бүгін мен ұлттық мерекеміз – Республика күні қарсаңында адал еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне атсалысып жатқан әрбір азаматқа шынайы алғысымды айтамын. Елдігіміз еңселі, егемендігіміз баянды болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

**№126** (4870) 25/10/2025 Сенбі




# «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ

Елордада Республика күні қарсаңында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Байқауға еліміздің барлық аймағынан келген өңірлік кезеңдердің жеңімпаздары қатысты. Олар – көпшілікке үлгі көпбалалы, еңбек адамдары және шығармашыл отбасылар.

Іс-шараға Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚР Парламенті депутаттары, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қоғамдық ұйымдардың басшылары қатысты.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазақстандық отбасыларды қолдауға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Азаматтардың әлеуметтік жағдайы жақсарып, ана мен баланы қорғауға ерекше көңіл бөлінгенін де сөз етті.

«Президентіміз биылғы Жолдауында да азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған маңызды міндеттер жүктеді. Мұның бәрі еліміздегі әр отбасының өміріне оң ықпал етуді және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуды көздейді. Сонымен қатар кейінгі жылдарда бұл салада кешенді бастамалар табысты қолға алынғанын атап өткен жөн. Нақты айтқанда, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Жас буынның сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатымен «Келешек мектептері» сияқты жобалар жүзеге асырылуда. Білім беру процесіне цифрлық технологияны енгізуге арналған іргелі істердің де мәні зор. Сонымен қатар ана мен бала денсаулығын сақтау, олардың құқығын қорғау – басты назарда. Балалы отбасыларды қолдау шаралары нығайып, сәби күтімі үшін өтемақы төлеу мерзімі де ұзартылды» деді Сенат төрағасы.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы – рухани құндылықтар мен отбасы институтын нығайту мақсатында 2014 жылы бастау алған бірегей жоба. Осы жылдар ішінде байқауға 20 мыңнан астам қазақстандық отбасы қатысты. Биыл байқау он екінші рет өтіп отыр. Оған еліміздің барлық өңірінен 3434 өтінім түскен. Әр өңір бойынша жеңімпаз анықталып, барлығы 20 отбасы марапатталды. Оларға естелік мүсіншелер, дипломдар мен 1 миллион теңге көлемінде ақшалай сертификаттар табысталды.

# МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАР ТАПСЫРДЫ

Кеше Астана әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысының тапсырмасымен 25 қазан – Республика күніне орай бір топ елорда тұрғындарын ұлттық мерекемен құттықтап, мемлекеттік наградалар тапсырды.



Марапатталғандардың қатарында еңбек ардагерлері, жұмысшылар, өндіріс, бизнес, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау салаларының өкілдері, әскерилер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, мәдениет және өнер қайраткерлері бар. Солардың бірі – елордалық басылымда 29 жыл табан аудармай, қажымай-талмай еңбек етіп жүрген әріптесіміз, «Астана ақшамы» газетінің қызметкері Гүлбаршын Өкешқызы «Құрмет» орденімен, «Вечерняя Астана» газетінің корректоры Марина Тютрина «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен бір топ білім беру, медиа, дін, спорт саласының қызметкерлерін ұлттық мерекемен құттықтап, әр тұрғынның елорданы дамытуға елеулі үлес қосып жүргенін тілге тиек етті. Астана әкімінің тапсырмасымен Е.Байкен мерекелік награда, қала әкімінің Алғыс хаттарын тапсырды.



## Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

*Сіздерді еліміздің басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – халқымыздың тәуелсіздігі мен бірлігінің, ел дамуы мен өркендеу жолындағы ортақ талпынысының символы. Қазақстан Республикасы – адам еңбегін, азаматтық жауапкершілікті және рухани құндылықтарды жоғары қоятын, болашағына нық сеніммен қадам басқан қуатты да заманауи мемлекет. Ал Астана – ел жүрегі. Ол жаңару мен прогреске ұмтылыстың айғағына айналды. Елорда тұрғындарының еңбегі мен бірлігінің арқасында қаламыз қарқынды дамып, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің, жетістіктердің орталығына айналуда.*

*Мерекелі күн баршамыздың жүрегімізді Отанға деген мақтаныш сезімімен толтырып, жарқын болашаққа деген сенімімізді нығайта түссін, әрқайсымызды туған еліміздің игілігі жолында жаңа жетістіктерге жетелей берсін! Сіздерге амандық пен бірлік, мықты денсаулық, таусылмас жігер тілеймін!*

***Құрметпен,***
***Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,***
***Астана қаласы мәслихатының төрағасы***

## Құрметті астаналықтар!

*Сіздерді еліміздің басты мерекесі – Қазақстан Республикасының 35 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Егемендігіміз жарияланып, декларация қабылданған бұл күннен бастау алған тәуелсіздік жылдары еліміз әлеуметтік-экономикалық дамудың даңғыл жолына түсіп, бүкіл жер жүзіне танылды. Осынау толағай табыстарға аға буын өкілдерінің қосқан үлесі бар екені көңілге ризашылық сезімін тудырады.*

*Еліміздің ұлық мерекесі әрқайсымызға толайым табыс әкеліп, Отанымыз – Қазақстан Республикасы гүлдене берсін! Жаңару мен жаңғыру жолына түскен Жаңа Қазақстанның іргесі мығым, абыройы арта берсін! Осы ізгі мақсаттағы еңбектеріңізге мол табыс, баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!*

***Ізгі ниетпен,***
***Сансызбай ЕСІЛОВ,***
***Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы***

## Құрметті астаналықтар және елорда қонақтары!

*Баршаңызды ұлық мереке – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы, халқымыздың азаттығы мен егемендігін айқындаған тарихи дата. Республика күні – әрбір қазақстандықтың жүрегінде ерекше орын алатын, елдік пен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың мерекесі. Ендеше баршаңызды осы ұлық мерекемен құттықтай отырып, сіздерге тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, рухы асқақ, мәртебесі биік болсын, егемен еліміздің еңсесі ешқашан түспесін, әрбір шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ сыйласын деп тілеймін!*

***Құрметпен***
***Зулфухар ҒАЙЫПОВ,***
***Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы***

# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ЖАЙҚАЛТҚАН

Елордадағы Жастар сарайында «Астана-Зеленстрой» компаниясының 75 жылдық мерейтойына арналған мерекелік концерт өтті. Іс-шараға жергілікті билік өкілдері мен кәсіпорын ұжымы және қала тұрғындары жиналды.



Салтанатты жиында жиналғандарды мерейтоймен құттықтаған Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов қаланың ажарын аша түскен «Астана-Зеленстрой» компаниясының 75 жылдығы тек кәсіпорынның емес, тұтас елорданың тарихымен үндескен еңбек мерекесі екенін айтып, қала әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтауын жеткізді. «Астана-Зеленстрой» компаниясының 75 жылдық тарихы – бұл еңбектің, бірліктің, сүйіспеншіліктің тарихы. Осы жылдар ішінде кәсіпорын елордаға жасыл желек пен сұлулық сыйлап, қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға зор үлес қосты. Осы жолда аянбай еңбек еткен барша қызметкерлерге, ардагерлерге алғысымыз зор. Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!» деді қала әкімінің орынбасары.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден «Астана-Зеленстрой» компаниясының елорда тарихындағы орны ерекше екенін, бұл қаладағы ең көне коммуналдық кәсіпорындардың бірі екенін атап өтті. «Астана-Зеленстрой» – жай ғана кәсіпорын емес, қаланың көркі мен тазалығының, жайлылығы мен әсемдігінің нышаны. Дәл осы ұйым қызметкерлерінің еңбегінің арқасында Астананың көшелері, саябақтары мен гүлзарлары жасыл желекке бөленіп, алуан түсті гүлдермен көмкерілуде» деді мәслихат төрағасы.

Іс-шара барысында мерейтойға орай қаланың қатаң климатына қарамастан, әр тұқымды гүлдетіп, жас шыбықты алып ағашқа айналдыру үшін кәсіпорында ұзақ жылдар бойы аянбай тер төккен ардагер туралы естелік кітаптың жарыққа шыққаны атап өтілді. Сонымен қатар кәсіпорында қазіргі таңда қызмет атқарып жүрген мамандардың да еңбегі елеусіз қалмады. Бір топ азамат «75 жылдық мерейтойлық медалімен», «Ерен еңбек иесі құрметті азамат» медалімен, «Еңбек үздігі» медалімен, «Елеулі еңбегі үшін» медалімен, «Кәсіподақтағы белсенді жұмысы үшін» медалімен марапатталды.




# ТӘУЕЛСІЗДІККЕ БАСТАҒАН ТАРИХИ ҚҰЖАТ

1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы декларация орталық кеңестік басқару моделінен ұлттық егемендік пен мемлекеттілік қағидаттарына көшуді білдіретін негізгі құқықтық және саяси актіге айналды.

Декларацияның өзі толық тәуелсіздік жариялamағанмен, ол келесі қадамдар үшін, атап айтқанда, 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңды қабылдау және елдің қазіргі конституциялық өрісін қалыптастыру үшін заңдық және идеологиялық негіз белгіледі.

Бұл құжатты ғылыми және практикалық тұрғыдан түсінуде өтпелі «көпір» рөлі берілген: ол саяси символизмді, ұлттық биліктің басымдықтарының заңды декларациясын және институционалдық қайта құрудың практикалық бағдарламасын біріктірді.

## ТАРИХИ ЖӘНЕ САЯСИ КОНТЕКСТІ

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басы орталықтандырылған кеңестік модель дағдарысымен сипатталады. Экономикалық құлдырау, одақтас органдардың институционалдық әлсіздігі, сондай-ақ республикалардың автономиясын кеңейту үшін жаппай қоғамдық және саяси қозғалыстар тудырған – «қайта құру» және «жариялылық» процестері. Мұндай жағдайларда көптеген одақтас республикалар ішкі (республикалық) нормалар мен басқару институттарының басымдығын бекітуге бағытталған өздерінің нормативтік-құқықтық актілерін әзірлей бастады. Мысал ретінде КСРО-ның басқа республикаларында (Балтық елдері, Ресей, Украина және т. б.) егемендік туралы декларациялар келтірілген, олар кеңестік федеративті құрылымның өзгеруін тездетіп, республикалық және одақтық құқықтың арақатынасы туралы мәселе көтерді.

Қазақстанда ұлттық санасезімнің күшеюі және республиканың экономикалық мүдделерін қорғау қажеттілігі кеңестік кезеңде жоғалған немесе маргиналданған ұлттық мәдениетті, тіл мен дәстүрлерді жандандыру және нығайту ниетімен қатар жүрді. Бұл сезімдер қоғамдық пікірталастарда және республиканың саяси өрісінде көрініс тапты, онда саяси күштер мен қоғамдық қозғалыстар қалыптаса бастады, олар өзін-өзі анықтауға ұмтылды. Құқықтық сенімділікке – республикалық заңдардың басымдығын бекітуге және ресурстар мен бюджет қаражатын өз бетінше басқару мүмкіндіктеріне ұмтылу да маңызды фактор болды.

Декларацияны дайындау Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі аппаратының ішінде жүргізілді, жұмыс тобының құрамына депутаттар, заңгерлер, құқықтанушы ғалымдар мен өкілдік құрылымдар кірді. Жоба бойынша комиссиялар жұмыс істеді, талқылаулар ашық және жабық түрде өтті, құжат Республика Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының отырысына шығарылғанға дейін бірнеше рет редакцияланды және түзетілді. Құжаттың мазмұндық бөлігінде базалық қағидаттар көрсетілген: республиканың нормативтік актілерінің өз құзыреті шегінде одақтық актілерден басымдығы, аумақтық тұтастықты бекіту, Қазақстан халқын билік көзі ретінде жариялау, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен тілді жандандыру және нығайту ниеті.

Бірқатар басқа республикалардан (мысалы, Балтық елдері) айырмашылығы, қазақстандық саяси элита Одақтан дереу шығуды жақтамады: Мәскеумен келіссөздер жүргізу мүмкіндіктерін сақтай отырып, кезең-кезеңімен қайта құру позициясы басым болды. Бұл декларацияның стилі мен мазмұнын анықтады: құжат республикалық құқықтың егемендігі мен басымдығын жариялады, бірақ КСРО-дан дереу шығуды тікелей жариялamады, әрі қарайғы шешімдер мен құқықтық рәсімдеу үшін кеңістік қалдырды.

## ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ БАРЫСЫ

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында декларация жобасы шығарылды және қабылданды. Ресми мәліметтер бойынша атаулы дауыс беруге депутаттардың едәуір көпшілігі қатысты: 286 депутат «қолдап», 71 – «қарсы», 2 – «қалыс қалды»; 1 депутат дауыс беруге қатыспады (сандар мемлекеттік басылымдарда және декларацияның мерейтойына арналған материалдарда келтірілген). Құжаттың қабылдануы Жоғарғы Кеңестің тиісті қаулысымен ресімделді және республика мен Одақ орталығының бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Декларацияның мәтіні ресми құқықтық актілер жинағында сақталған және қоғамдық мұрағаттарда бар.

Процедуралық жағын атап өту маңызды: осы кезеңде парламенттік институттар партиялық бақылаудан кең өкілдікке көшті және осындай маңызды құжат бойынша дауыс беру сессия залында қарқынды пікірталастармен қатар жүрді. Бұл пікірталастар келесі қадамдардың тәртібі, республиканың барлық халықтарының құқығын сақтау кепілдіктері, экономикалық салдарлар мен сыртқы саяси тәуекелдер туралы сұрақтарды қамтыды.

## ҚАРСЫЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПІКІРТАЛАСТАР

Декларацияны талқылау кезінде оппозиция мен ұстамдылықтың негізгі себептерінің бірі экономикалық алаңдаушылық болды: депутаттар мен экономикалық құрылымдардың өкілдері одақтық субсидиялардың, банк және сауда байланыстарының жоғалуынан, сондай-ақ бірыңғай экономикалық жүйеден жедел шығу кезінде инфляциялық және логистикалық тәуекелдердің өсуінен қорықты. Көптеген аймақтар үшін орталықтандырылған қаржылық қолдау арналарының болуы өте маңызды болды және тәуелсіз экономикалық саясатқа көшу ауыр және қауіпті ауыртпалық ретінде қабылданды.

Партиялық-бюрократиялық элитаның бір бөлігі (басқару аппараттарында, партиялық құрылымдарда қызмет еткендер) декларацияны қолданыстағы жүйеге қауіп ретінде қарастырды, коммунистік функционерлердің бір бөлігі өз позициялары мен ықпалын жоғалтудан қорықты. Бұл сыни пікірталастарда, құжаттың тұжырымдамасын жеңілдетуге тырысуда немесе оның экономикалық салада қолданылуын шектейтін ескертпелер қосуда көрінді. Сонымен қатар ұлттық зиялы қауым мен халық арасында егемендікті ұлттық мүдделерді қорғауға қадам ретінде бекітуді қолдау күшейе түсті.

Бұл кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі екіжақты болды: бір жағынан, жариялылық көпшілікке мемлекеттілік мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді; екінші жағынан, ақпараттық өрісті бөлу (республикалық және одақтық баспасөз арасында) айла-шарғы жасауға және қорқыныш тудыруға негіз болды. Маңызды көрініс аумақтық тұтастықты сақтау және азаматтардың құқығы туралы мақаланы талқылауға реакция болды, бұл республика халықтарының мәртебесі және жаңа конституциялық тәжірибені қалыптастыру кезінде олардың құқығының кепілдіктері туралы қызу пікірталас тудырды.

**1990 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАЗАНДА ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ СЕССИЯСЫНДА ДЕКЛАРАЦИЯ ЖОБАСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ. РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР БОЙЫНША АТАУЛЫ ДАУЫС БЕРУГЕ ДЕПУТАТТАРДЫҢ ЕДӘУІР КӨПШІЛІГІ ҚАТЫСТЫ: 286 ДЕПУТАТ «ҚОЛДАП», 71 – «ҚАРСЫ», 2 – «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»; 1 ДЕПУТАТ ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСПАДЫ. ҚҰЖАТТЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ ТИІСТІ ҚАУЛЫСЫМЕН РЕСІМДЕЛДІ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКА МЕН ОДАҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА КЕҢІНЕН ЖАРИЯЛАНДЫ**

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ МАҢЫЗЫ

Мемлекеттік егемендік туралы декларация ең алдымен декларативті сипатқа ие: ол саяси ерік-жігерді жариялайды және принциптерді белгілейді, бірақ әрқашан қоғамдық өмірдің барлық салалары үшін тікелей нормативтік күшке ие бола бермейді. Соған қарамастан, ол нормативтік-құқықтық жүйені жүйелі түрде қайта қараудың бастапқы нүктесіне айналады: республиканың құзыреті шегінде республикалық заңдардың үстемдігін тұжырымдайды, ұлттық құқықтық жүйенің басымдығын бекітеді және кейінгі кодекстер және конституциялық реформалар үшін вектор белгілейді.

Қазақстанның құқықтық тарихында декларация 1991 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңның қабылдануына, сондай-ақ толыққанды мемлекеттік егемендікке көшуді қамтамасыз ететін жаңа Конституция мен өзге де нормативтік актілерді әзірлеу үшін негіз дайындаған құқықтық акт ретінде қарастырылады.

Декларацияның жоғары символдық әлеуеті де болды: ол ұлттық жаңғыру, қазақ мәдениеті мен тілін қалпына келтіру идеясын заңдастырды, сондай-ақ қоғамдық санада ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үлгісіне айналды. Кейіннен құжаттың қабылдануы мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерде көрініс тапты: 25 қазан Республика күні ретінде аталып өтеді (Республика күні) – егемендікке және одан кейінгі тәуелсіздікке алғашқы қадамды бейнелейтін күн.

## ДЕКЛАРАЦИЯ ПРИНЦИПТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

Декларацияның бірқатар негізгі ережелері одан әрі заңнамада және республика Конституцияларында көрініс тапты.

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның бірнеше тарихи маңызы бар:

1. Құқықтық деңгей – құжат құқықтық білім берудің Одақ орталығынан республикаға өтуін қамтамасыз ете отырып, кейінгі нормативтік актілер үшін негіз болды.

2. Саяси деңгей – декларация тәуелсіз мемлекеттілік идеясының айналасында ұлттық элитаны шоғырландыру факторына айналды және институционалдық реформаларға серпін берді.

3. Әлеуметтік-мәдени деңгей – акт ұлттық жаңғыру процестерін қолдады, тіл мен мәдениетті дамыту бағдарламаларына саяси негіздеме берді.

Декларацияны дайындау және қабылдау процесі елеулі саяси күрестермен және қоғамдық пікірталастармен қатар жүрді: экономикалық қорқыныш, партиялық қарсылық және одан әрі стратегияны түсіндірудегі қарама-қайшылықтар нақты кедергілер болды. Соған қарамастан, құжат көпшілік дауыспен қабылданды және ұлттық мемлекеттілікті шоғырландырудың маңызды кезеңі болды.

Қазіргі кезеңде декларацияда жарияланған мақсаттардың көпшілігі нормативтік-құқықтық деңгейде жүзеге асырылады; дегенмен егемендіктің толық практикалық іске асырылуы – экономикалық, институционалдық және сыртқы саяси факторларға байланысты ұзақ және динамикалық процесс. Академиялық қоғамдастық (соның ішінде Салық Зиманов, С.Сартаев сияқты заңгерлер) пен мемлекеттік институттар арасындағы байланыс жаңа мемлекеттіліктің даталары мен рәміздерін, соның ішінде Республика күнін (25 қазан) заңдастыруда және институттандыруда маңызды рөл атқарды.

Егемендік декларациясы – Қазақ елінің әлемдік деңгейдегі тәуелсіз мемлекетке айналу жолындағы ең маңызды саяси-құқықтық құжат. Ол халқымыздың саяси еркіндігін, мемлекеттілік идеясын саяси-құқықтық тұрғыда бекітті. Бұл құжаттың қабылдануы арқылы еліміздің тағдыры өзгеріп, демократиялық бағыттағы даму жолына түсті. Бүгінде 25 қазан – Республика күні ұлт тарихындағы рухани жаңғырудың, азаттық пен бірліктің мерекесіне айналды.

**Жамаладен ИБРАГИМОВ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы**

№126 (4870) 25/10/2025 Сенбі

# АСТАНАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ

Бейбітшілік және келісім сарайында «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің 35 жылдық мерейтойына арналған «Объективте – Астана айшықтары» фотокөрмесі мен «Елорда шежіресі» атты салтанатты концерт өтті.





Фотокөрменің ашылу салтанатында Парламент Сенаты әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы, «Астана ақшамы» газетінің (2006-2008 жж.) бас редакторы болған Нұртөре Жүсіп пен Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден басылымдардың ұжымы мен оқырман қауымды мерейтойымен құттықтады.

Фотокөрмеде келушілер назарына «Elorda aqparat» медиахолдингіне қарасты «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінің және Elordainfo.kz порталының фототілшілері Сұлтан Сейіт, Василий Крась және Оңалхан Өнерханның әр жылдардағы Астананы айшықтайтын фотосуреттері ұсынылды.

Өнер жұлдыздарының концерті басталмас бұрын Президент әкімшілігі Мемлекеттік кеңесшісі хатшылығының консультанты, белгілі ақын Қалқаман Сарин Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтау хатын оқып берді.

«Құрметті «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің ұжымы! Сіздерді қос басылымның 35 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Өткен 35 жыл – тәуелсіздік жылдарымен тұспа-тұс келген Астананың қалыптасуы мен өсіп-өркендеуінің айнасына айналған кезең. Осы жылдар ішінде газеттердің әр санында елорданың тыныс-тіршілігі, қоғам өміріндегі маңызды оқиғалар мен елдік істер кеңінен қамтылып келеді. «Астана ақшамы» газетінде жарияланған ел тарихындағы тағдырлы шешімдердің жаңғырығы тәуелсіздік жылнамасындағы айшықты оқиғалар ойлы оқырманның жүрегіне жол тауып, ыстық ықыласына бөленді. Ал «Вечерняя Астана» газеті өз оқырманын сапалы әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіп, қала өмірінің өзекті мәселелерін көтеріп, мазмұнды да беделді басылымға айналды. Екі басылым да бірнеше мәрте ұлттық және халықаралық деңгейдегі марапаттарға ие болып, өздерінің кәсіби деңгейін биіктетіп, жаңа медиа кеңістігінде лайықты орын алды. Қазіргі таңда «Elorda aqparat» медиахолдингі құрамына кіретін редакциялар елорданың басты ақпарат көзіне айналып, қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етіп отыр. Сіздердің қаланың дамуы мен елдің өркендеуі жолындағы шығармашылық еңбектеріңізге табыс тілеймін. Елордамен бірге өркендеп, халқымыздың сенімді ақпарат көзі болып қала берулеріңізге тілектеспін. Қаламдарыңыздан қуат кетпесін!» делінген ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатында.





Сонымен қатар Қалқаман Сарин кезінде «Ақмола ақиқаты» газеті студент шағында оның өлеңдерін жариялап, Арқа жұртына ақын ретінде танытқанын атап өтіп, астаналық басылымға алғыс айтты.

ҚР Президенті баспасөз хатшысының орынбасары Ержан Байтілес Президент көмекшісі – баспасөз хатшысы Руслан Желдібайдың құттықтау хатын оқыды.

«Elorda aqparat» медиахолдингінің бір топ қызметкері марапатқа ие болды. Атап айтқанда, «Астана ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабеков пен «Вечерняя Астананың» фототілшісі Василий Крась «Еңбек ардагері» медалімен, «Астана ақшамының» шолушысы Айгүл Уайс Мәдениет және ақпарат министрінің құрмет грамотасымен, корректоры Шынар Жақыпова «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Осындай құрмет грамотасын «Вечерняя Астана» газетінің тілшісі Юлия Мендецкая, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін Максим Удод иеленді. Басылымдардың ұжымын 35 жылдық мерейтойымен құттықтап, марапатты табыстаған ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Айзада Құрманова министрдің құттықтау хатын оқып берді.

«Құрметті әріптестер! Сіздерді отандық ақпарат кеңістігіндегі







№126 (4870) 25/10/2025 Сенбі

# МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ




беделді басылым «Астана ақшамы» газетінің 35 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Сонау 1990 жылы «Ақмола ақиқаты» атауымен алғашқы санын жариялаған басылым тәуелсіз еліміздің тағдырлы кезеңдерінің куәсі әрі шежірешісі болды. Елорда атауының қайта жаңғыруы, Астананы көшіру туралы тарихи шешім, қаланың қалыптасуы мен дамуындағы барлық маңызды уақиғалар газеттің әрбір нөмірінен айқын көрініс тауып, ұлт жадында сақталды. Осы жылдар ішінде «Астана ақшамы» қоғамдық пікір мінбері ретінде елорда тынысын айқын жеткізетін өзекті материалдары, бай мазмұны және кәсіби ұстанымы арқылы оқырманның зор сеніміне ие болды. Басылым қаланың рухани, мәдени және әлеуметтік өміріне өзіндік қолтаңбасын қалдырып, елордалық журналистиканың көшбасшысына айналды. Алдағы уақытта да қаламдарыңыз мұқалмай, ел мен елорданың игілік жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!» делінген Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатында.

Өз кезегінде Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен Астана үшін, елорда тұрғындары үшін бұл мерейтойдың орны ерекше екенін атап өтіп, елорда әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтау хатын оқып берді.

«Құрметті «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінің ұжымы! Сіздерді қос басылымның 35 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. 1990 жылы алғаш рет жарық көрген «Ақмола ақиқаты» мен «Вечерний Целиноград» газеттері бүгінде елордалық журналистиканың айнасына айналды. Осы жылдар ішінде бас қаламыздың қалыптасуы мен өркендеуінің бар белесін қалт жібермей, елорда шежіресін қағаз бетіне қаттап келесіздер. Қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің айнасы ғана емес, елордалық руханиятты, қоғам дамуының шынайы куәгерісіздер. Бүгінде «Elorda aqparat» медиахолдингі құрамындағы бұл екі басылым арқылы қала тұрғындары мен қонақтары Астананың тыныс-тіршілігімен, жетістіктерімен және жаңа бастамаларымен танысып келеді. «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астана» өз оқырманын жоғалтпай, уақыт талабына сай жаңарып, терең таңдамалы контент ұсынуда. Бұл – ұжым еңбегінің кәсіби адалдығы мен жауапкершілігінің айғағы. Қоғамдық пікірді қалыптастыру жолындағы жұмыстарыңыз үшін алғысымды білдіремін. Жазар жазбаларыңыз бен айтар жағымды жаңалықтарыңыз таусылмасын. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс тілеймін. Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын!» делінген Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтау хатында.

Кеш барысында «Тәрбие» сән үйі шапандар шеруі этно-сән көрсетілімін ұйымдастырды. Концертте Қайрат Баекенов, Құрмаш Махан, Өзгеріс Шерікбай, Маржан Арапбаева, Айгүл Қосан, Гүлсім Мырзабек, Рухия Байдүкенова сынды өнер майталмандары, сонымен қатар «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі, «Жастарй театрының әртістері, «Айналайын» балалар хоры өнер көрсетті.

**Нұрдәулет КӘКІШ**






Республика күні – ұлттық мереке. Еліміздің басты мерекесі өз деңгейінде аталып өте ме? 13 жыл күнтізбеден жоғалып кеткенінен шығар... Қазақстандықтардың көпшілігі үшін бұл әлі де жай демалыс күні сияқты көрінеді. Тіпті Google, Yandex немесе ChatGPT-ден «25 қазан» деп ақпарат іздесеңіз, «25 қазанда қазақстандықтар неше күн демалады?», «25 қазан демалыс күні ме, жұмыс күні ме?» деген сөйлемдер бірінен кейін бірі тізбектеліп шығады. Одан қалса, 3 жылдан бері 25 қазанның қарсаңында мемлекеттік награда тапсырып, халыққа 2-3 күнге демалыс беріледі.

# ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ҰЛТТЫҢ РУХЫН КӨТЕРЕДІ



**Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Жер бетінен ұлттық мерекелерін жойылуымыздан аман сақтап, бостандығымыз бен тәуелсіздігіміздің берік тұғыры болған Қазақ елінің егемендігі туралы декларация қабылданған күнді ұлттық мереке екенін ел болып сезінуіміз үшін қалай тойлағанымыз абзал?! Осыған қатысты жаңаша көзқарас, амал, тәсіл, ұсыныстарымды ортаға салайын.

**Біріншіден,** бұл күндері елдігімізді нығайтатын, рухымызды асқақтататын мерекелік рәуіш, ерекше сән-салтанат, бұқаралық көңіл күй анық көрініп тұруы тиіс. «Күндері» деп екпін түсіргенімнің бір себебі ұлттық мерекені 5 күн бойы елдік ауқымда атап өткеніміз жөн. Яғни 5 күн демалыс берілсін. Мұндай оң үрдіс бірқатар елде бар. 5 күннің бірінде елордада «Қазақ елі» монументінің алаңында құрлық, теңіз және әуе күштерінің қатысуымен керемет әскери шеру (мысалы, француздар, ирландиялықтар, үнділер, пәкістандықтар, бразиялықтарда осындай тамаша дәстүр бар) өткізсек. Шеруден кейін Мемлекет басшысы Қазақстанның тәуелсіздігін қорғау мен нығайтуға айрықша үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградаларды тапсырса жарасымды болар еді. Астана ғана емес, барлық қалада азаттығымыз бен бостандығымыз үшін күрескен тұлғалардың суреттері салынған алып композициялар орнатылса. Ұлттық мерекенің тағы бір күнін ұлттық шерулер мен халықтық фестивальдер өткізуге арнауға болады. Әр қалада осы шерулерге ұлттық киіммен интеллигенция, өнер, әдебиет, мәдениет, спорт саласының саңлақтары, чемпиондар, үздіктер, көшбасшылар шықса. Нағыз мерекелік рәуіш, айрықша сән-салтанат сонда көрініс табар еді.

**Екіншіден,** ұлттық мерекені жаңа мазмұнда атап өтеміз десек, көк байрағымызды ғимараттар мен үйлердің төбесіне жарқыратып іліп қояйық. Сол күні қайда жүрсек те, қолымыздан көк туымызды тастамайық. Өйткені ол – азаттық, тұтастық, елсүйермендіктің бірінші атрибуты. Әлемнің бірқатар елінде мемлекеттік туды жалаулату дәстүрі бар. Осындай жаңа рәсім енгізейік. Астаналықтардың «Менің елім – менің туым» атты керемет флешмобын өзге өңірлерде іске асырсақ, ұлттық мерекені шын мәнісінде сезінетін едік. Елорда тұрғындары 25 қазанда үйлерінің балконы мен терезелеріне көк ту іліп, дүйім елді сүйсіндіргені мәлім. 25 қазанға 10 күн қалғанда мектептерде, колледждерде, университеттерде ұлттық рәміздер, Республика күні тақырыбында дәрістер өткізіп, ұлттық патриотизмнің мәні мен мағынасын жас ұрпаққа дұрыстап түсіндірсек құба-құп болар еді. Бұл жерде интеллектуалдық, ұлттық ойындардың атқаратын рөлін ұмытпайық.

**Үшіншіден,** ұлттық мерекеде отшашудың халықты ұйыстырушы шара ретіндегі рөлі өте зор. Кешкі мезгілде мерекелік концерттер мен фестивальдер аяқталған соң, көздің жауын алатын түрлі түсті отшашулар аспанда жарқыраса, оған қуанбайтын адам жоқ. Бірлігімізді бекемдейтін, рухымызды асқақтататын көріністің небір ғажайып формаларын жасауға мүмкіндік зор. Өткенде Аспан асты еліндегі жасанды интеллект көмегімен жасалған отшашулар сауығына таңдай қақпаған адам кемде-кем. Отшашулар – кез келген адамның көңіл күйін көтеріп қана қоймай, ел мен жерге деген сүйіспеншілігін арттыратын көрініс.

**Төртіншіден,** ұлттық мерекенің халықты біріктіруші, жұмылдырушылық факторын ескере отырып, шын патриоттардың қоғам, ел мүддесі үшін нақты ізгілікті істерін жарқыратып көрсетуге болады. Бұл жерде саяси партиялардың, этномәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік, экологиялық акциялар өткізуіне тамаша мүмкіндіктер бар. «Тазалық шарасы», «Қайырымдылық шарасы», «Патриоттық шара» сияқты тақырыптарда жыл бойы жарыс өткізіп, 25 қазанда сол сайыстың жеңімпаздарын халықтың алдында марапаттаса, келісті болар еді. Ұлттық мерекеде халықтың сейіл-серуенімен қатар, жәрмеңкенің де алатын орны ерекше. Бүгінгідей азық-түлік қымбаттаған шақта кәсіпкерлер, супермаркеттер халыққа ең қажетті азық-түлік түрлерін арзан бағамен сатса, мерекелік көңіл күйдің көтерілуіне себепші болар еді. Осы күні Сауда және интеграция министрлігі жыл бойы халыққа қажетті азық-түліктердің құнын қымбаттатпаған супермаркеттер, дүкендердің атауын жариялап, басшыларын отаншыл, халықшыл жандар ретінде дәріптесе құба-құп болар еді.

**Бесіншіден,** мемлекеттік органдар мен бюджеттік мекемелерде мерекеге орай сыйақы берілетін үрдіс бар. Бірақ кейбір жекеменшік ұйымдарда қаражаттың тапшылығынан ол да берілмей жатады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еліміздегі мекеме, кәсіпорындарға ортақ ереже енгізіп, Республика күнінде ешбір жұмысшы сыйақысыз қалмауын қамтамасыз етсе, әділетті болар еді. Ұлттық мерекеде еліміздің саясат, экономика, мәдениет, ғылым, спорт саласында өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан жандарға құрмет көрсетеміз, ол өте дұрыс. Алайда мұндай құрмет бір күнмен шектелмей, бар қазаққа ортақ жетістік, ортақ мақтаныш ретінде әр күні айшықталып, бұқараға жеткізіліп отыруы тиіс.

**№126** (4870) 25/10/2025 Сенбі

Тәуелсіз қазақ тарихының жылнамасында 25 қазан – айрықша атаулы күн. Осыдан тура 35 жыл бұрын «Егемен Қазақстан» газетінің парламенттік тілшісі болып жүргенімде бүгінгі тойланып жатқан, яғни 25 қазанда қабылданған егемендігіміз туралы декларацияның қалай қабылданғанын көзіммен көріп, тарихи кезеңнің куәгері болып едім.



# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ АТАУЛЫ КҮН!

Сол сәттің бәрі бүгінгідей көз алдымда. Өте қызу талқылау жүрді. Депутаттар декларацияны қабылдай салысымен Алматы қаласындағы қазіргі Абылай хан көшесіндегі Жоғарғы Кеңес ғимаратынан «Егемен Қазақстан» газеті орналасқан Гоголь көшесіне құстай ұшып жеттім. Өйткені осы тарихи сәтті газеттің бірінші бетіне беруіміз қажет болатын. Ғимаратқа жетсем, машинистка Шолпан апай күтіп отыр екен. Бірден репортажды диктовка жасадым.

Ол кезде қазіргідей ұялы телефон, интернет жоқ. Бір-бірімізге ватсап не әлеуметтік желі арқылы ақпарат тарата алмаймыз. Газет бетеліп, қатталып жатқан сәтте мақаламызды әкеліп береміз. Компьютермен теру жоқ, қалыпқа салынған әріптерді темірмен, бізбен шұқылап қолдары май-май газет шығарушылар жүретін. Бір әріптен қате кетсе, бүкіл бетті алып, біз арқылы қате кеткен әріпті шұқып алып тастап, қайтадан орнына дұрыс әріпті салатын. Осындай жанкештілікпен «Егемен Қазақстан» газетіне егемендік декларация қабылданғаны туралы «Егемендік ел үміті еді» деген тақырыппен тікелей репортаж бердім.

Репортажымды: «1990 жылдың 25 қазан күнгі 18 сағат 55 минөтті есімізге сақтайық. Қазақстан парламенті осы сәтте республика көп ұлтты халқының мүддесіне қызмет ететін егемендік туралы тарихи декларацияны қабылдады!» деп түйіндегенім есте. Ал декларация қабылданған сәтте ерекше сезімде болдым. Қуаныштан көзімнен жас ыршып кетті. Өйткені 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының куәгері болған едім.



Сессия күнделігі

ЕГЕМЕНДІК ЕЛ ҮМІТІ ЕДІ

«Социалистік Қазақстанның» парламенттегі тілшілері хабарлайды

Алдыңғы күні комиссиялар мен комитеттерде жұмыс істеген парламент мүшелері бейсенбіде пленарлық мәжілісті жалғастырды. Күн тәртібі бойынша көйінерікте тұрған мәселе — «Қазақ ССР-індегі өкімет құрылымы туралы» Қазақ ССР Президенті Н. Ә. Назарбаев баяндама жасады. Алайда, депутаттар баяндаманы талқылауды кейінге қалдыра тұрып, «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Қазақ ССР Декларациясының толықтырылған жобасын талқылауға кірісіп кетті.

Оқырмандарымыздың есіне сала жатейік, сессияның алғашқы күндерінде Декларацияның негізгі жобасы талқыланып, оған бапама негізде «Демократиялық Қазақстан» депутаттар тобының жобасы ұсынылғанын білесіздер. Соған орай депутаттардан ғана емес, жалпы жұртшылықтан түскен пікірлер мен ескертулерді Декларация жобасына енгізу жөнінде арнайы комиссия құрылып, ол депутат С. Зимановтың басшылығымен бір аптадан астам жұмыс істеген болатын. Міне, сол комиссия жұмысы қорытындысында толықтырулар енгізілген Декларация жобасы тағы да қызу талқыға түсіп, депутаттар оған аса мұқият қарады. Парламент мүшелері Декларацияның әрбір сөйлеміне, сөзіне жете мән беріп, тоқталып, айтылған ұсынысты сол бойда дауысқа салып отырды.

Біз үзіліс арасында республикамыздың егемендік алуды бағдарының жобасы туралы пікірлерін білдіру үшін бірнеше депутатты әңгімеге тартып, мәселені өз ауыздарынан естігенді жөн көрдік.

**Алтыншаш ЖАҒАНОВА:**

— Республикамыздың егемендігі туралы мәселеге келгенде парламент мүшелерінің оған енжар қарамай, қызу пікірталас туғызуы, тіптен балама Декларация жобасын ұсынуы заңды құбылыс деп ойлаймын. Өйткені, қабылданғалы отырған Қазақ ССР-інің егемендігі туралы Декларация жобасы біздің халықтығымыз айқындап, болашағымызды дарлап бермек. Яғни, біздің республикамыздың мендік алу жолындағы ры. Алайда, «Демократ Қазақстан» депутаттар т Декларациясының негіз сындағы ойларды тек қ зақ ұлтының мүддесін деп түсінуі жанымызға Негізгі жобаны талқылау де кейбір депутаттард зу қандылықпен еркін тіптен қазақ халқының намысына тиетін пікірлер білдіргенін тым асқақтаушылық. Бұл тарихты бұрмалау. Әрине, мен «Демократиялық Қазақстанды» қалайтындардың барлық пікірлерін жоққа шығарып тұрған жоқпын. Оларда республика болашағын ойлаған келелі пікірлер де бар. Сондықтан да, негізгі жобаны қайта қарағанымыз, толықтырулар енгізгенімізге дұрыс болды ғой деп ойлаймын. Арнайы комиссия құрылып, баламалы жобадағы ұсыныстарды ғана емес, жалпы жұртшылықтан түскен барлық пікірлерді ескеріп, бүгінгі талқылап отырған Декларацияның толықтырылған жобасын ұсынуы — Жоғарғы Советтің үлкен ісі деп бағалаймын. Бұл жоба барлық Қазақстанда мекендеген халықтардың мүдде-



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Социалистік Қазақстан

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ 17 ДЕКАБРЬДЕН ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

өкілдері еді. Сондықтан егемендік декларациясын қабылдау да оңайға соқпағаны анық. Айтыс-тартысқа толы пікірталас барысында «Қазақстанға егемендік не қажет» деген сынды сыңаржақ пікір айтып, құжатты қабылдауға қарсы шыққандардың да қарасы қалың болды. Өйткені егемендік декларациясына балама демократиялық декларация қабылдайық деген топ құрылғалымдары мен ақын-жазушылары дәйекті дәлелдермен оларға батыл тойтарыс берді.

**Гүлсім ЕҢСЕПОВА,**
**журналист**

ды. Олардың ішінде басқа ұлт өкілдері көп еді. Сол топ «ұлттық мемлекет құрмайық, азаматтық мемлекет құрайық. Ұлттық мемлекет болмасын» деген балама ұсыныс берді. Оларға тойтарыс беруде жүрегі қазақ деп соққан академиктер Сұлтан Сартаев, Салық Зимановтың еңбегі өте зор болды. Ақын-жазушылардың ішінде Шерхан Мұртаза мен Қадыр Мырзалиев батырып тұрып сөйлегені есімде. Сол кезде декларацияның негізгі жобасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу жөніндегі комисияның төрағасы Салық Зиманов пен Сұлтан Сартаев құжаттың қабылдануына мол үлесін қосты. Біздің егемендіміздің сақталуына, сол декларацияның қабылдануына ең үлкен үлес қосқан адам осы екі ғалым деп айтар едім.

Әдетте Жоғарғы Кеңес мәжілісі сағат 16.30 шамасында аяқталатын. Ал 25 қазанда сағат 19.00-ге дейін созылып кетті. Декларацияны талқылау барысында Зылиқа Тамшыбаева, Алтыншаш Жағановалар да керемет пікірлерін білдірген еді. Кейбір өзге ұлт өкілдері декларациядан «ұлттық» деген сөзді алып тастауға барынша тырысты. Бірақ, қазақтың мықты заңгер

# ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Астана қаласында ҚР Ұлттық музейінің Ғылыми кітапхана залында «Егемендік – ел болашағының бастауы» атты дөңгелек үстел өтті. Республика күні мен Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналған жиынды Геральдикалық зерттеулер орталығы ұйымдастырды.



Егемендіктің тарихи мәні мен құқықтық негіздерін кеңінен насихаттау, ұлттық рәміздердің идеологиялық әрі рухани маңызын айқындау және ел азаматтарының бойында патриоттық рухты нығайту мақсатында өткен іс-шараға Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің Мониторинг және мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы Ибраим Бабаев ашып, егемендік декларациясының Қазақстан мемлекеттілігінің құқықтық негізін қалыптастырған тарихи шешім болғанын атап өтті. Ол егемендік ұғымының ұлттық санамызда тәуелсіздікке ұмтылған халықтың асқақ арманын айқындайтын құндылық екенін және қазіргі ұрпақ үшін оның тарихи маңызы әрқашан биік екенін айтты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков мемлекеттік рәміздердің жасалу тарихын баяндап, егемендік декларациясының қабылдануы ұлттық идеологияның рухани өзегіне айналғанын ерекше атап өтті. «Республика күні – мен үшін өте қуанышты күн. Қазақстан – бақытты ел. Мемлекетіміз бүгінде әлемге танылды. Жүйелі түрде жұмыс жүргізіліп, ауқымды жоба-жоспарлар жүзеге асырылуда. Ел дамуындағы оң өзгерістерге куәміз. Мұның бәрі – іргелі бастамалардың нәтижесі. Ел мәртебесінің арта беретініне сенімдімін» деді Жандарбек Мәлібекұлы.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан құжаттың саяси-құқықтық салмағына тоқталып, оның Қазақстанды әлемдік қауымдастық мойындаған дербес мемлекет ретінде танылуына жол ашқанын айтты. Сондай-ақ тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеген Садықов егемендік декларациясының қабылдану кезеңіне шолу жасап, оның тек саяси құжат қана емес, ұлттық сананы оятқан азаматтық батылдықтың айқын көрінісі екенін атап өтті. Тарихшы-ғалым, геральдист Айдын Рысбекұлы ұлттық геральдиканың даму жолы мен егемендік декларациясының идеологиялық маңызы туралы тың деректер ұсынып, рәміздердің ел бірлігін нығайтудағы рөлі туралы ойын ортаға салды.

Іс-шара барысында Мәдениет және ақпарат министрінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталып, мемлекеттік рәміздерді ұлықтауға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға ерекше үлес қосқан тұлғалар марапатталды.

**Мәрлен ҒИЛЫМХАН**

# АЛҒАШҚЫ ШЕШУШІ ҚАДАМ



Республика күні – бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. 1990 жылы қазан айының 25 күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларация қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде саяси-құқықтық негізін жариялады. Сол сәттен бастап еліміз өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады.

Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы болып саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігімізді мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. Бұл акт арқылы әлем картасындағы жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасының негізін қалады. Бұл күн мемлекеттік мерекелер қатарына қосылды. Бұл мерекенің мақсаты: балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстан Республикасының рәміздерін еске түсіру. Туымызды, Елтаңбамызды қадірлеу және ұлы тұлғалардың еңбектерін дәріптеу.

Қазақ халқы бұл күнді ұзақ уақыт аңсады. Армандар ғасырлар бойы жырға бөленіп, тасқа қашалды. Аңсаған арман-тілек қабыл болды. Декларация қабылданғаннан кейін 2001 жылы бұл күн – Республика күні деп жарияланды. Содан кейін 8 жылдан соң мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған болатын. Арада 13 жыл өткен соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен бұл мейрам ұлттық мереке ретінде қайта жаңғырды.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай-талай асқар асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономикалық-демократиялық ел ретінде таниды. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, абыройының өсуіне қызмет етуге парыздармыз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке» деп атап өтті. Бүгінде біз Қазақстанның саяси және экономикалық салалардағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атай аламыз.

Жаңа әлемдегі әділетті, жаңа Қазақстанды бәсекеге қабілетті жастар, өз кәсібін жетік меңгерген кәсіби мамандар, білікті ғалымдар қалыптастыра алады.

Республика күнін атап өтудің маңызды мақсаты – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу. Ардагер қарияларымыз Ұлттық мереке 25 қазан Республика күнінің маңыздылығын түсіндіріп, жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, байқуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, олардың сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін оятуға күш-жігерін аянған емес. Осынау атаулы күні Отанымыз – Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз! Халқымыздың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекетіміздің мәңгілік берік тірегі болсын!

Көк туымыз желбіреп, еліміздің мәртебесі асқақтай берсін!

Ұлттық мерекеміз – Республика күні құтты болсын!

**Баянды ӘЛПИ,**
**Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі**

№126 (4870) 25/10/2025 Сенбі

# МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МАРАПАТ

Елордада Республика күні қарсаңында, кітапханашылар күніне орай елорданың кітапхана саласы қызметкерлері марапатталды. Іс-шарада сала мамандарының кәсіби жетістіктері мен саланың дамуына қосқан үлесі атап өтілді.

Кітапхана – қоғамның таным көкжиегін кеңейтіп, оқуға деген қызығушылықты арттыратын маңызды орталықтардың бірі. Қазіргі уақытта кітапхана жүйесін жаңғырту, кітап оқуды насихаттау және оқырман белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Кітапхана ісін дамыту мен оқырман мәдениетін ілгерілетуге қосқан үлесі үшін бірқатар қызметкерлер Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің марапаттарына ие болды. Марапаттарды Астана қаласының Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов табыс етті.

Сонымен қатар саланың дамуына қосқан үлесі үшін мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева атынан алғыс хаттар табыс етілді.



## Құрметті әлеуметтік сала қызметкерлері!

*Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Әлеуметтік қызметкерлер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің қоғам алдындағы еңбектеріңіз – мейірімділік пен жанашырлықтың айқын көрінісі. Әсіресе, өмірлік тәжірибесі мол қарттарымызға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен көмекке мұқтаж азаматтарға көрсетіп жүрген қамқорлықтарыңыз – үлкен адамгершілік пен жауапкершіліктің белгісі.*

*Әлеуметтік қызмет – тек мамандық емес, бұл жүрекпен атқарылатын рухани міндет. Ардагерлерге деген жылы көзқарастарыңыз бен үнемі көрсетіп жүрген қолдауларыңыз үшін сіздерге зор алғыс білдіреміз!*

*Сіздерге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс пен толағай жетістіктер тілейміз. Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!*

*С.ЕСІЛОВ,*
*Ізгі ниетпен,*
*Астана қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасы*

# МҰРТАЗА МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ АРХИВТЕ...

Республика күні қарсаңында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, журналистиканың нән бәйтерегі, жазушы және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның бірегей шығармашылық және зерттеу еңбектерінен құралған құнды құжаттарды «Егемен Қазақстан» газеті Ұлттық архивке табыс етті.



**Шапағат ӘБДІР**

Салтанатты іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, сенаторлар, зиялы қауым өкілдері, «Егемен Қазақстан» газетінің ұжымы және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов Егемендік декларациясының қабылдану барысы туралы кеңінен айтып, сол тарихи сәттердің бел ортасында Шерхан Мұртазаның болғанын ерекше атап өтті. Ал Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі жазушының мұрасын жинау барысында болған естеліктерімен бөлісіп, Шерхан Мұртазаның қаламынан туған шығармалардың әр жолында ел мен жерге деген махаббат, әділдік пен адалдықтың үні бар екенін айтты.

Мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Сауытбек Абдрахманов сөз алып, Шерхан Мұртазаның қазақ баспасөзіне сіңірген еңбегі жайында әңгімелесе, академик, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанұлы мен мемлекет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазы да Шерхан Мұртазаның мінезі мен сөзінің өрнегі туралы әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Ал Ұлттық архив директоры Сағила Нұрланова архивтің қоғамдағы рөлі мен тұлғалық мұраның құндылығына тоқталды.

– Архив – тек құжат сақтайтын орын емес. Бұл – елдің жады мен рухын ұрпаққа жеткізетін киелі кеңістік. Біз үшін Шерхан Мұртазаның еңбектері – ұлттық сана мен тарихи зерденің айнасы. Осы құжаттарда оның өмірлік ұстанымы, қаламгерлік қолтаңбасы, азаматтық үні сақталған. Біз оларды арнайы температура мен ылғалдық режимі бар жабдықталған қорда сақтаймыз. Әрбір парақ, әрбір қолжазба – тарих. Оларды болашақ ұрпақ көріп, танып, одан тағылым алуы үшін сақтаймыз. Бұл – біздің парызымыз және ұлт алдындағы жауапкершілігіміз. Мұндай мұра тек сөреде емес, әр қазақтың жүрегінде сақталуы керек. Өйткені Шерхан Мұртазаның мұрасы – қазақ руханиятының айнасы, елдік пен ерліктің өлшемі, – деді Сағила Нұрланова.

Архив қорына өткізілетін материалдардың ішінде Шерхан Мұртазаның әйгілі «Қызыл жебе» романының түпнұсқа қолжазбалары, Тұрар Рысқұлов туралы зерттеу жазбалары, сондай-ақ кеңестік билікке қарсы шыққан қазақ зиялыларының қайраткерлігін бейнелейтін «Бесеудің хаты» атты екі бөлімді драмасының, тағы басқа да бірнеше шығармасының қолжазбасы және жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты бұрын еш жерде жарияланбаған сирек фотосуреттер, жеке хаттары, жазба дәптерлері мен басқа да тарихи-мәдени маңызы зор құжаттар бар.

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – ЖАУАПКЕРШІЛІК ИЕСІ

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні қарсаңында Астана қаласы әкімдігінің «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы» КММ 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы жұмысын қорытындылады.

Осы аралықта орталыққа 38 мыңнан астам адам жүгінді. Азаматтардың сұрақтары, негізінен, әлеуметтік көмек, құқықтық кеңес, мемлекеттік қызметтер алу, психологиялық қолдау, жұмысқа орналасу және құжаттарды рәсімдеу мәселелеріне қатысты болды.

«Жанұя» орталығы мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және салалық қызметтермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Орталық базасында «Бір терезе» қағидаты бойынша әртүрлі ведомство мамандары тұрғындарға білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек және басқа да салалар бойынша кеңес береді. Әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады: тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, көпбалалы отбасыларды сүйемелдеу, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған түлектерді бейімдеу бағытында тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Жыл басынан бері отбасы құндылығын нығайтуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және ата-ананың жауапкершілігін арттыруға бағытталған 50-ден астам мәдени-ағартушылық іс-шара өтті. Орталық директоры Бахтияр Айтпаевтың айтуынша, әлеуметтік қызметкер – бұл тек мамандық емес, үлкен жүрек пен жанашырлықты талап ететін өмірлік ұстаным.

«Біздің орталық күн сайын мыңдаған адамның тағдырына араласып, көмекке зәру жандарға бағыт-бағдар беріп келеді. Әлеуметтік қолдау жүйесін одан әрі жетілдіру – біздің басты міндетіміз. Осы ретте халықпен тікелей жұмыс істейтін әріптестеріміздің еңбегін ерекше атап өткім келеді. Бұл – асқан жауапкершілік пен кәсібилікті қажет ететін жұмыс» дейді Б.Айтпаев.

**Мақпал ОРЫНБЕТ,**
**БАҚ және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы**

# ORDA AUTISM: БЕСІНШІ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Астанада ерекше балаларды оңалту бойынша 2016 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Orda Autism балаларды түзету орталығының бесінші филиалы ашылды. Алматы ауданындағы М.Төлебаев көшесінде орналасқан жаңа орталықтың ашылуына аудан әкімі Рүстем Тәуекелов, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб, аудан ақсақалдары, ата-аналар мен демеушілік еткен кәсіпкерлер қатысты.

**Райхан РАХМЕТОВА**




«Орда» аутизмі бар балалар ата-аналарының бірлестігі» ҚБ-ға қарасты орталықтың мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтендіру, дамыту және қолдау, сонымен қатар олардың қоғамға толыққанды сіңісіп кетуіне ықпал ететін инклюзивті орта қалыптастыру. Орталық ғимаратында логопед, дефектолог, психолог кабинеттері бар, бейімдеуге арналған дене шынықтыру жаттығулары өтіп, арт, музыка, ойын терапиялары бойынша топтық сабақтар беріледі, сонымен қатар бір ерекшелігі – бұл жерде балалардың өз-өзіне күтім жасауына арналған кабинет, яғни шаштараз салоны да ашылған.

– Елордада 9 жылдан бері осындай ерекше балаларға арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіп келеміз, сонымен қатар бізде түзету қызметі де бар. Дәл қазір барлық филиалда Астанадағы 18 жасқа дейінгі 684 аутизмі бар балалар мен жасөспірімдерді арнайы қызметпен қамтып отырмыз. Соның ішінде осы жаңа орталыққа 90 бала тіркелді. Оларға барлығы 140 адам қызмет етеді. Қызметкерлердің қақ жартысы – ерекше балалардың аналары. Елорданың, соның ішінде аудан әкімдігінің, әлеуметтік кәсіпкерлік қауымдастығының қолдауымен жаңа ғимарат бізге тегін берілді, яғни жалдау ақысын төлемейміз. Ал жөндеу, абаттандыру жұмыстарын демеушілердің көмегімен жүзеге асырдық, осы тұрғыда жергілікті әкімдікке, барлық демеушіге алғысымыз шексіз, – дейді «Орда» аутизмі бар балалар ата-аналарының бірлестігі» ҚБ төрағасы Салтанат Есмағанбетова.

Оның айтуынша, қазір Астана қаласында аутизммен ауыратын 2000-дай бала бар. Жыл сайын олардың саны 13 пайызға артады. Сондықтан бұл орталыққа сұраныс жоғары. Оған аталған мекеменің сапалы да сенімді қызметі сеп. Тіпті өзге өңірлерден арнайы осы жерге балаларын әкеліп қарататындар көбейген.

Ашылу салтанатында аудан әкімі мен басқарма басшысы орталықтың лентасын қиып, өз сөзінде бұл орталық алғаш ашылған күннен бастап ерекше балалары бар жүздеген отбасыға сенім мен үміт сыйлағанын жеткізді. Алдағы уақытта да оның жұмысын қолдауға билік өкілдері дайын екенін алға тартты. Аудан әкімі мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы атынан орталықтың белсенді қызметкерлері мен демеушілеріне алғыс хаттар табысталды. Ақсақалдар ақ батасын беріп, әжелер шашу шашты. Балалары үшін қамкөңіл ата-аналар тағы бір жаңа түзету орталығының ашылғанына қуанышын білдірді.

№126 (4870) 25/10/2025 Сенбі

# ЖЫРЫ ДА, ӘНІ ДЕ – ҚАЗАҚСТАН

Астанада ақын, сазгер, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Әбдіғани Бәзілханұлының «Тоғызтарау» және «Талант. Талғам. Тағылым» атты кітаптарының таныстырылымы өтіп, Республика күніне арналған «Қазақстаным» атауымен шығармашылық кеші ұйымдастырылды.






**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

«Тоғызтарау» жыр жинағына автордың өлеңдері, толғаулары, поэма мен ән мәтіндері, аудармалары енгізілсе, «Талант. Талғам. Тағылым» кітабы әнші, термеші Мағауия Баймұқаметұлы туралы сыр шертеді.

Әбдіғани Бәзілханұлы – тек шығармашылық иесі ғана емес, өз қызметімен мемлекетіміздің дамуына, қоғамдағы өзекті мәселелердің шешілуіне үлес қосып жүрген азамат. Осыны атап өткен Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек ақындық алымына тоқталды. Әсіресе, поэзиясы елге, анаға, бауырға деген үлкен махаббатпен ерекшеленетінін, жүректен шыққан туындылар екенін айтты.

Ақын Нұрмұхан Жанұзақұлы «Тоғызтарау» жинағындағы өлеңдер жүрекке жылы тиетінін, ұлтжандылығымен айшықтылатынын айтып, мысал ретінде «Әлмерек! Әлмерек!» поэма-триптихі мен «Ескелді би» поэмасын келтірді. Көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржан Әбдіғани Бәзілханұлының қайраткерлік қырларына, соның ішінде еліміздің солтүстігіне көшке атсалысқанын, елдік мәселелердің арасында жүріп, ақындық ұшқынын өшірмей, мәртебелі өлеңге қызмет етіп келе жатқанын, «Талант. Талғам. Тағылым» кітабымен Мағауия Баймұқаметұлы сынды үлкен өнерпаздың есімін ұмытылмастай етіп тасқа таңбалағанын атап өтті.

Еңбек ардагері Майра Әлмұқанқызы жылы лебізін жеткізді. Тарих ғылымдарының докторы Нәбижан Мұқаметханұлы Қазақстан тәуелсіздігін алуының арқасында қандастар елімізге көптеп көшіп келіп, мәдениетімізге, өнерімізге, жалпы әр салаға үлкен үлес қосып келе жатқанын, соның бірі Әбдіғани Бәзілханұлы екенін айтты. Оның Алтайдың арғы жағында айтыс ақыны болып танылып, Қазақстанға келген соң жаңа тынысы ашылғанын атап өтті. Оның ойын ақын, сыншы Сұраған Рахметұлы жалғастырып, автордың Қытай ақындарынан аудармаларына тоқталды.

Кеш иесі өлеңдерімен сусындатты. Amanat партиясының басшылығы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жолдаған құттықтау хаттары оқылды.

# АЛТАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНАН БАСТАЛҒАН ЖОРЫҚ

Қазақ баласы үшін ат – жай ғана көлік емес, ердің серігі, ұлттың айбыны, даланың сәні мен салтанаты еді. Ертеде елдің қуаты мен абыройы жылқының саны мен сапасымен өлшенсе, бүгінде сол қасиетті мәдениет заманауи сипат алып, жаңа рухпен қайта жаңғырып келеді. Соның айғағы – 2022 жылдан бері дәстүрге айналған «Ұлы дала жорығы» атты ат марафоны.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**



«Ұлы дала жорығы» жобасы жүзеге асқалы бері елдің атқа, жылқы мәдениетіне, әсіресе атпен алыс сапарға шығуға деген қызығушылығы бұрынғыдан да еселеп артты. Тіпті шетелдегі қандастар да бұл игі дәстүрден үлгі алып, өздері тұратын елдерде түрлі іс-шаралар, жарыстар мен мәдени кездесулер ұйымдастыра бастады. Соның бір дәлелі ретінде Қуанбек пен Жайнаның 2500 шақырым жолды 73 күнде басып, Қытайдан Қазақ елінің астанасына атпен келгенін айтуға болады.

Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қарасты Еренқабырға баурайындағы Сауан ауданынан 8 тамыз күні жолға шыққан жас жұбайлар – Қуанбек Түсіпханұлы мен Жайна Еркінқызы 20 қазан күні елордаға ат басын тіреді. Жол бойы халықтың ықыласына, қошеметіне бөленген қос атты жолаушыны астана жұртшылығы да үлкен ықыласпен қарсы алды. Әкімдік өкілдері, зиялы қауым мен қала тұрғындары алыс сапардан аман жеткен ағайынның алдынан шығып, атын ұстап қонақжайлық танытты. Достық үйінде қонақтармен жылы жүздесу ұйымдастырылды.

Бұл сапар 2500 шақырымдық жолды жай ғана атпен жүріп өту емес. Бұл – азаматтың шыдамдылығын, сергектігін, күннің ыстығы мен түннің суығына төтеп берер төзімділігін сынға түсіретін нағыз ерлік сапар. Мұндай жорықта астындағы аттың бабын тауып, уақытылы суытып, баптап отыру – нағыз атбегілік шеберлікті қажет етеді. «Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды, тұлпар ертоқымды, ертоқым ерді, ер елді сақтайды» дегендей, жол үстінде тозған тағаны ауыстырып, ат тағалау да – екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. 2 ай бойы күнде жорткан сапарда шаршадым, қажыдым демей, кейбір босбелбеу еркектерден артық қайрат көрсетіп, жол бойы өлеңдетіп отырып Астанаға жеткен Жайна да қазақ қыздарының қайсарлығын көрсетті.

Бұл Қуанбек пен Жайнаның бірінші алыс сапары емес. Қол ұстасқан қос ғашық 2021 жылы Шыңжаңнан жолға шығып, 4 000 шақырым жол жүріп, Бейжіңге де барған болатын. Бірақ бұл реткі сапардың салтанаты да, сәні мен дүбірі де ол сапардан әлдеқайда асып түсті. Жас жұбайлардың ерлігіне сүйінген жұрт әлеуметтік желі арқылы екі ай бойы олармен «бірге жүрді».

– Бейжің сапарынан кейін Қытайда әлемнің жеті мемлекетінің аттары қатысқан 500 шақырымдық үлкен марафон өтті. Осы додада «Баққоңыр» атты тұлпарым I орын иеленсе, Жайна тізгіндеген тұлпар 80 аттың ішінен VI орыннан көрінді. Бірінші орынға 200 мың юань (15 миллион теңге шамасында), алтыншы орын алған атымызға 17 мың юань (1 275 000 теңге) және 8 мың юань (600 000 теңге) қосымша қаражат берді. Осы еңбегімізбен тапқан қаражатты өзіміздің қиялымыздағы, арманымыздағы іске жұмсағымыз келді. Яғни осы сапарды өзіміз тапқан қаржымен жүрдік. Ат сатып алу, жол шығынын барлығын өзіміз көтеріп келеміз. Біз ешкімнен дүние дәметпейміз.Қайрат Құлмұхаммед ақынның сөзімен айтсам: «Жарты жармақ дәметпейміз ешкімнен, ел көрейік, жер көрейік деп келдік» дейді Қуанбек Түсіпханұлы.

– Сапарға шығарда «ол жақтағы қазақтар бұрынғы салт-дәстүрді ұмытқан, мына жүрістеріңді түсінбейді» деген секілді әртүрлі әңгімелер естідік. Бәрі керісінше болды. Шекарадан өткелі жолдағы елдің ыстық ықыласы, пейілі, мейірі бізге тілекші болып, барын беріп, жоғымызды толықтап, жүгіріп жүрген ізгі ниеті бізді ерекше тебірентті. Тіпті орыс, түрік секілді өзге ұлт өкілдері де арнайы іздеп келіп, азық-түлік беріп, көмектесіп жатыр. Жол бойы тілеулес болып, қолдау көрсеткен барша ағайынға алғысымыз шексіз. Бұл – бір отбасының емес, тұтас ұлтымыздың сапары болғандай әсер қалдырып жатыр. Сапардан алған әсеріміз өте керемет: әсем табиғат, қонақжай ел, жолдағы көрікті жерлерді көріп, әлеуметтік желіге жариялап келеміз. Артта қалған алыстағы ағайын да хабарласып, елдің ықыласына риза болып сәлем жолдап жатыр, – дейді жұбайлар.

Қуанбек пен Жайнаның Қытайдан мініп шыққан аттарын карантин мәселесіне байланысты шекарадан өткізбегендіктен жолаушылар Қазақстан шекарасынан өте салып ат сатып алыпты. «Бұл аттарды өзім таңдап алғанмын. Мүмкіндігінше аттардың көп мінілген, көнбістігіне қарадым. Күнделікті жем-шөбін өзім беріп, демалысын, мінез-құлқын қадағалап отырдым. Қазір күніне 50 шақырым жүреміз, кейде діттеген жерімізге жете алмай жол ұзарып кететін күндер де болады. Аттар сенімізден шықты, әсіресе, күрең ат қазақ жылқысының мықты екенін дәлелдеді, – дейді Қуанбек.

Қазір жылқы десе, арабтың таза қанды жылқыларын, түркімендердің ақалтекесін мақтайды. Бірақ оларға қарағанда көзге қораштау көрінгенімен, алтай мінсең арымайтын нағыз тұлпар қазақ жылқысынан шығады. Мәселен, 1935 жылы «Ашхабадтан – Мәскеуге» атты ат үсті жорығында түркімендер 4 300 км жолды 84 күнде басыпты. Демек, олар да күніне 50 шақырым жүрген. Ал Қуанбек пен Жайна жолда виза мәселесіне байланысты бірнеше күн кідірді, кей өңірлерде қонақжай жұрттың құрметіне орай аялдап та отырды. «Егер суыт жүрсек, бұдан да тез келуге болады екен, аттарымыз әлі тың» дейді қос жолаушы.

Қысқасы, бұл сапар қазақ жігіттерінің ерлігін, қазақ қызының төзімділігін және қазақ жылқысының тектілігі мен қайсарлығын жалпақ жұртқа паш еткен рухты жорық болды. Бұл – ұлт рухын көтерген, бабалардан қалған ат мәдениетінің мәңгі өшпес мұрасын қайта жаңғыртқан айтулы сапар!

Астана қаласындағы «Дулат Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицейде» Республика күніне орай «Дулаттың мектебі – тарихтың көзі, білімнің көкжиегі» атты рухани-тағылымдық іс-шара өтті.

# ДУЛАТ ДӘСТҮРІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Дулат мектебінің қалыптасу тарихын, жеткен жетістіктерін, ұлт руханияты мен білім беру ісіндегі орнын айқындап, жас ұрпаққа өнеге ету мақсатында ұйымдастырылған басқосу «Ұрпаққа өнеге – Дулат мұрасы» атты көрмемен ашылды. Көрмеде мектептің даму кезеңдері, жетістіктері мен шығармашылық табыстары қамтылған материалдар қойылды. Мектеп директоры Бейімбет Мұхамедиев құттықтау сөзін сөйлеп, Дулат мектебінің өрлеу жолы мен табыстарын атап өтті.

Рухани кеш мазмұнды және тәрбиелік мәні зор шығармашылық бағдарламамен өрбіді. Алғашқы бөлімде оқушылар «Дулат – халық шежіресі» атты поэтикалық композицияны орындап, Дулат Бабатайұлының поэзиясындағы елдік пен ерлік рухын көркем жеткізді. Сонымен қатар, мектепте өткен жобалар байқауындағы үздік жұмыстар да көпшілік назарына ұсынылды. Келесі бөлімде көрермендер «Тағылым тұғыры – мектеп келбеті» атты бейнебаян арқылы білім ордасының даму тарихымен, жетістіктерімен танысты. Ал «Білім ордам, саған мың алғыс!» атты түлектердің бейнеқұттықтауы көрермендерді ерекше толқытты. Түлектер өздерінің ұстаздарына алғыс айтып, туған мектептеріне деген ыстық ықыластарын білдірді. Кештің көркемдік бөлігі де мазмұнға бай болды. «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» көрінісі мен «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты әдеби-сазды қойылымдар көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ іс-шара аясында Дулат мектебі гимнінің тұсауы кесілді.

Белгілі ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы сыйлы қонақтар атынан іс-шараның сірге жиырында жүрекжарды лебізін білдіріп, ұлттық құндылықты ұлықтаған ұжымға ақжарма алғысын жеткізді.

**Айгүл СЕМБАЕВА,**
**Д.Бабатайұлы атындағы №89 мектеп-лицей директорының орынбасары**

№126 (4870) 25/10/2025 Сенбі

# МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

2025 жыл елімізде Президентіміздің бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп аталуы бекер емес. Елімізде еңбек адамы – қай ғасырда болмасын елге сыйлы, жастарға үлгі.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ел болып еңбек адамын қадірлей білуіміз керек. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз» деп атап өткен еді. Қоғамның еңбек адамына деген құрметін арттырумен қатар, елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін жұмысшы мамандықтары қай ғасырда да елге сыйлы. Бұл бастама оның маңыздылығын қайта бағалауға үлкен серпін береді. Еліміздің жоғары табыстарға жетуі үшін күрделі салалардағы жұмысшы мамандықтарға қызығушылықтың төмендеп қалуының салдарынан қарапайым жұмысшылардың жетіспеушіліктері өзекті мәселеге айналған сияқты. Осыған байланысты бұл жаңа бастама жаңа талаптарды туындатары сөзсіз.

Президенттің бұл бастамасы – осы мәселелерді шешуге бағытталған қадамдардың бірі. Дәл қазір жұмысшы мамандықтарды дәріптеу, оларға қажетті жағдай жасау, білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігі туындап отыр. Осындай жұмыстардың арқасында жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру көзделген. Әлемдегі еңбек нарығы өзгерістерге ұшырап, жаңа талаптар туындап жатқан уақытта, цифрландыру мен автоматтандырудың өркендеуі көп салаларда адам еңбегін алмастыратын жаңа технологиялар мен жүйелерді әкелетіні белгілі. Бірақ, бұл өзгерістердің арасында жұмысшы мамандықтардың маңызы артады. Осыған орай колледждердің өз түлектерін дәл осы өзгерістерге бейімдей отырып, олардың заманауи техникалық дағдылар мен практикалық тәжірибені меңгеруіне жағдай жасау керектігі туындайды.

Энергетика, құрылыс, ақпараттық технологиялар, сервис және басқа да саладағы жұмысшы мамандар өздерінің құдіреттері мен білімі арқылы қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Әр мектеп түлегі алдында болашақ мамандықты таңдау міндеті тұр. Бүгінде әлем нарығы көптеген мүмкіндік ұсынып отыр. Қазіргі қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі – жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Дәл бүгін заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс жоғары. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талап.

Жастар арасында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында ақпараттық науқандар ұйымдастырылуда. Әлеуметтік желілерде жұмысшы мамандықтарының артықшылықтарын көрсету арқылы оларды танымал етуге күш салынуда. Мамандық бір қарағанда жай нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ ол – бүкіл саналы ғұмырымыздың айнасы. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық бойынша, жұмыс істеу – өмір сүрудің материалдық қана емес, моральдықтың да көзі. Ол белгілі бір дайындық пен жауапкершілікті талап етсе де, өзің қалаған мамандық болған соң, оған аса үлкен шығармашылықпен, жауапкершілікпен қарау басым жатады. Мамандық таңдау – тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл – өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Сондықтан болашаққа қадам басар кезде, талапкерлердің терең ойланғандары абзал.

Биыл Алматы ауданында аудан әкімшілігінің бастамасымен, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің және «Аманат» партиясының қатысуымен Жұмысшы мамандықтар жылына арналған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Бастапқыда аудан әкімшілігі қаңтар мен маусым айларында еңбек жәрмеңкесін өткізді. Бұл жәрмеңкелер жұмысшы мамандықтарын насихаттау және тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға шамамен 2000-ға жуық азамат қатысты. Басты мақсат – халықты еңбек нарығының нақты сұранысымен таныстыру, жастарды техникалық және жұмысшы кәсіптерге баулу, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға мүмкіндік жасау. Сонымен қатар аудан мектептері мен колледждерінің оқушыларына арналған ірі кәсіпорындарға экскурсиялар өткізілді. Олар ірі өндіріс орындарына – Modex Aromat Engineering зауыттарына, Астана Тазалық, Астана Теплотранзит сияқты коммуналдық кәсіпорындарға барып, өндірістік процеспен танысты. Бұл іс-шараның мақсаты – жасөспірімдерге нақты еңбек саласын көрсету, кәсіби бағдар беру және еңбек адамының беделін арттыру.

Аудан әкімдігі әлеуметтік желілерде «Менің сүйікті мамандығым» атты арнайы айдарда жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл айдарда өз ісіне адал, ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, келе жатқан жұмысшылардың еңбек жолы туралы бейнероликтер көрсетілуде. Мұнда Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің көмегі де баршылық. Сонымен қатар «Аманат» партиясының қатысуымен ардагер аталарымыз бен әжелеріміз Ахмет Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейде, Райымбек батыр атындағы №50 мектепте, «Арқа әуендері» халықтық ансамблі №104 мектеп-гимназиясында және Е.Серкебаев атындағы №3 музыка мектебінде «Ұрпақтар сабақтастығы» аясында кездесулер өтті.

**Баянды ӘЛПИ,**
**Алматы ауданы**
**Ардагерлер кеңесі**
**медиатобының мүшесі**

# АУТРИЧ ЖҰМЫСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазіргі кезде кез келген аурудан қорғанудың негізгі әдісі оның профилактикасы болып табылады. АИТВ-инфекциясына келетін болсақ, профилактикалық шаралар вирустан сақтанудың жалғыз мүмкіндігі болып саналады. АИТВ – мінез-құлық ауруы. Оның көбеюдің басты себебі – қорғалмаған жыныстық қатынасқа түсу және инъекциялық есірткіні бірлесіп қолдану. Осы санаттағы адамдар халықтың негізгі топтарына (ХНТ) жатады. Бұл топқа инъекциялық есірткіні қолданатын адамдар, жыныстық қызмет көрсету саласының қызметкерлері, сондай-ақ еркектермен жыныстық қатынасқа түсетін еркектер кіреді.


Әрине, бұл топтармен жұмыс жасау медицина қызметкерлері үшін қиынға соқтырады. Осыған байланысты, арнайы ойлап табылған әдіс – аутрич-жұмысы. Бұл жабық топтар арасында профилактикалық жұмыс жасауға ыңғайлы. Аутрич жұмысты – осы қауымдастықтарға кіретін адамдар орындайды. Көбінесе, осы топтың адамдары немесе олардың достары мен туыстары. Олар медицина қызметкерлері мен клиенттер арасындағы жолсеріктер болып саналады.

Бүгінгі күні аутрич-қызметкерлер халықтың негізгі топтары арасында жүргізілетін профилактикалық шаралардың қозғаушы күші деп айтуға болады. Аутрич-қызметкердің негізгі міндеттері клиенттермен байланыс орнату, қызметтерді алуға жаңа адамдарды тарту, оларды АИТВ, вирустық гепатиттер, жыныстық инфекциялардың алдын алу мәселелері бойынша хабардар ету болып табылады. Сондай-ақ оларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйрету, жеке қорғаныс құралдарын, инъекцияға арналған стерильді құралдарды тарату, тексеру алдында кеңес беру, сондай-ақ медициналық ұйымдарға, атап айтқанда, АИТВ орталығына бағыттау жатады.

Біреуге, бір қарағанда, аутрич-қызметкердің жұмысы соншалықты күрделі болып көрінбеуі мүмкін, бірақ, іс жүзінде бұл мүлдем олай емес. Шынында да, АИТВ-инфекциясы туралы сенімді білімнен басқа, адамдарға дұрыс көзқарас таба білу, сенімді қарым-қатынасты сақтау, клиенттің қызмет алуға деген адалдығын орнату қажет.

Айта кету керек, мұндай жұмысшылардың қызметі белгілі бір ережелерді мүлтіксіз орындауды талап етеді, оларды бұзып, сенім тізбегін біржола жоғалтуға болады.

Аутрич әрқашан клиенттің өмір салтын объективті қабылдауы керек. Мысалы, егер біз есірткіге тәуелді адам туралы айтатын болсақ, онда есірткіні қолдану ниеті оны факт ретінде қабылдайды.



Әрине, бұл есірткіге тәуелділік мақұлданады дегенді білдірмейді: клиент есірткіні қолдануды тоқтатуға мәжбүр емес, бірақ, ол біртіндеп осы қадамға итермелейді. Негізгі ереже: жұмыс еріктілік, анонимдік және құпиялылық қағидаттарына негізделуі керек. Аутрич клиент айтқысы келетін ақпаратты ғана біледі және оған тікелей қажет қызметтерді ғана көрсетеді. Сонымен, аутрич әрқашан кез келген адаммен, оның сенімдері мен құндылықтарына қарамастан жұмыс істеуге дайын болуы керек.

Мұның бәрі – өте қиын және өте жауапты, әсіресе, көбінесе олардың қамқоршылары өздерінің өмір салтын бөтен адамдардан жасыратын адамдар. Сонымен қатар, аутричтерде арнайы білім жоқ, олардың өкілеттіктері өте қарапайым. Осыған қарамастан, олар күнделікті көрінбейтін, бір қарағанда, басты мақсаты – АИТВ жұқтыру қаупі бар адамдардың қауіпті мінез-құлқының ықтимал зиянды салдарын барынша азайту, ал кейбіреулеріне тіпті дұрыс өмір жолына түсуге көмектесетін жұмысты орындайды.

**У.СӘУЛЕБАЕВ,**
**Астана қаласы әкімдігінің**
**«АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК**
**алдын алу бөлімінің**
**меңгерушісі**

# ҚҰМАР ОЙЫННАН АУЛАҚ БОЛ!

Адал қызмет – азаматтық борыш.

Мемлекеттік қызметкер – халықтың сенімін арқалаған тұлға. Оның әрбір қадамы, сөзі мен ісі – қоғамның назарында. Сондықтан да қызмет бабында адалдық пен тәртіпті сақтау – заң талабы ғана емес, ар-намыс мәселесі.

2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 12-бабы мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғаларға бірқатар шектеулер қояды. Солардың ішінде 1-тармақтың 6) тармақшасы – аса маңызды талаптардың бірі. Ол мемлекеттік қызмет атқаратын тұлғаларға құмар ойындарға және париға қатысуға қатаң тыйым салады.

Бұл шектеудің мәні – қызметкердің беделін қорғау, уақытын және назарын өз міндеттеріне арнау, артық тәуекелдерге жол бермеу. Құмар ойынға әуестік – тек жеке адамның емес, бүкіл мемлекеттік органдардың абыройына нұқсан келтіреді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес, бұл шектеулерді қабылдаудан бас тартқан немесе оны бұзған тұлға қызметтен босатылады немесе лауазымға қабылданбайды. Яғни, бұл талап – жай ескерту емес, тікелей қызмет тағдырын шешетін норма.

Мемлекеттік қызмет – үлкен сенім мен жауапкершілік. Қызметкердің міндеті – заңда көрсетілген шектеулерді мүлтіксіз орындау, әсіресе құмар ойындардан аулақ болу. Адалдық пен тәртіп – қоғам сенімінің кепілі, ал сенім – мемлекеттің тірегі.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің**
**Астана қаласы бойынша**
**департаменті**

Астана қаласының сәулет қауымдастығы, әріптестері мен достары, «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС және «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ терең күйзеліспен 2025 жылғы 21 қазанда, 41 жасқа қараған шағында, «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС Бас директорының орынбасары Есов Асет Ермекұлының ауыр сырқаттан қайтыс болғанын хабарлайды.



Асет Ермекұлы Есов 1984 жылғы 8 желтоқсанда Ақмола облысы Қорғалжын ауылында дүниеге келген. Қысқа ғана ғұмырында зор еңбек сіңіріп, айтарлықтай жетістіктерге жетті.

2000 жылы «Әділет» жоғары құқық мектебі – Құқықтану академиясы колледжіне «Құқықтану» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны тәмамдаған соң, 2003-2006 жылдары Қазақ гуманитарлық-заң университетінде білімін жалғастырып, «Құқықтану» мамандығын алды. 2016 жылы Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде құқық магистрі академиялық дәрежесін иеленді.

2007 жылы жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің заңгері ретінде бастады.

2008 жылдан бастап Астана қаласы Әділет департаментінде сарапшы, жетекші маман, кейін құқықтық және экономикалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды.

2015-2018 жылдары «Астана қала құрылысы мониторингі» ЖШС және «Астанагорархитектура» ЖШС директорының орынбасары лауазымдарында жұмыс істеді.

2018 жылдың қазан айынан 2021 жылға дейін «Perspicere» жобалау-зерттеу компаниясын басқарды. 2021-2022 жылдары «Астана қаласы №2 көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды.

2022 жылдан өмірінің соңына дейін «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС Бас директорының орынбасары лауазымында абыроймен еңбек етті.

Асет Ермекұлы 2011 жылдан бастап Астана қаласының сәулет және қала құрылысы жүйесінде қызмет атқарып, елорданың құрылыс саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуге, қала құрылысы жобалары мен сәулеттік дамуына құқықтық қолдау көрсетуге белсенді атсалысты.

Әріптестері оны жоғары білімді, жауапты, еңбекқор, кәсіби әрі мақсатқа ұмтылған маман ретінде білді. Қиын сәттерде ымыралы шешім қабылдап, ұжымның тұрақты жұмысын қамтамасыз етті. Өз ісіне адал, кәсіби дамуға ұмтылған, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, әріптестері арасында зор беделге ие болды. Достары мен таныстары оны үлгі тұтты.

Асет Ермекұлы отбасына адал, ата-анасына үлкен құрметпен қарап, балаларына сүйіспеншілікпен қамқор болған үлгілі әке еді. Төрт ұлын мейіріммен тәрбиеледі.

Осындай әрдайым жарқын жүзді, парасатты, мейірімді, ұжымға қамқор, отбасына сүйеніш болған тұлға ретінде есімізде мәңгі сақталады.

Астана қаласы әкімдігі, Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы мен «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС ұжымдары Асет Ермекұлы Есовтің туған-туыстарына және жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

Ол асыл жар, қамқор әке, абыройлы ұл, сыйлы әріптес еді. Асет Ермекұлының жарқын бейнесі мәңгі жүрегімізде. Қайғырамыз. Естен шығармаймыз. Жаны жәннатта болсын!

*Газетіміздің келесі саны*
*2025 жылғы 30 қазан күні шығады.*

**№126** (4870) 25/10/2025 Сенбі

# ДӘСТҮР МЕН БІРЛІКТІ ДӘРІПТЕДІ

Республика күніне және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Астанадағы Достық үйінде «Бір шаңырақ астында» тақырыбында «Дәстүр мен бірлік» мерекелік фестивалі өтті.



Оған елордалық ҚХА қоғамдық құрылымдарының мүшелері, қонақтар мен елорда тұрғындары қатысты. Фестивальдің мақсаты – қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту, сондай-ақ елдің мәдени және этникалық алуан түрлілігін көрсету. Іс-шарада қазақ, орыс, украин, дүнген, корей және басқа да тілдерде Отанымызды, бірлігімізді, достығымызды, өзара құрмет пен қолдауды дәріптейтін әндер шырқалды. Сонымен қатар осы фестиваль аясында ұлттық костюмнің бірегей үлгілерін көрсету ұрпақтар сабақтастығының және ортақ мәдени мұраның сақталуының көрінісі болды.

Елорданың этномәдени бірлестіктерінің шығармашылық ұжымдары мен әртістері Қазақстанның этникалық алуан түрлілігін бейнелейтін патриоттық әндер мен шығармаларды орындады. Фестивальдің айрықша сәті қазақстандық индустриядағы ең жарқын брендтердің бірі – Zeken Moda ұлттық киімдері «Бір шаңырақ астында» эксклюзивті топтамасының көрсетілімі болды. Фестиваль барысында жиналғандардың назарына ұлттық бірегейлікті заманауи формада көрсететін балалар, жасөспірімдер және ересектер коллекцияларының дефилесі ұсынылды. Фестиваль мәдениетаралық диалог алаңына, Қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделінің үздік дәстүрлерін көрсететін достық, бірлік пен келісімнің символына айналды.

# ҰСТАЗДАР ТУРНИРІ

Республика күніне орай Астана қаласы Сарыарқа ауданы мектептерінің ұстаздары арасында волейбол турнирі өтті. Іс-шара Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясының спорт залында ұйымдастырылды.




Турнирге ауданның бірнеше мектеп ұжымдарынан құралған 20 команда қатысты.

«Республика күніне орай ұйымдастырылған бұл іс-шараның басты мақсаты – ұстаздар қауымы арасында салауатты өмір салтын насихаттау және ұжымдық рухты нығайту болатын. Мұғалімдеріміз белсенділік танытып, достық пен ынтымақ аясында тартысты ойын өрбітті. Осындай іс-шаралар ұстаздардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына, көңіл көтеріп, сергіп алуына үлкен мүмкіндік береді. Турнирге қатысқан барлық ұстаздарға, ұйымдастыруға атсалысқан әріптестерге және ақпараттық қолдау көрсеткен БАҚ өкілдеріне алғыс айтамын» деді мектеп директоры Лаура Сәрсембекова.

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтар табысталды.



































Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс № 126**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

**Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**